

ӘӨЖ:547.972:582.916.21

Қолжазба құқығында

МУКАЖАНОВА ЖАЗИРА БИГАЛИЕВНА

Сабынкөкгүлділер (*Scrophulariaceae*) тұқымдасына жататын кейбір өсімдіктердің химиялық құрамын және биологиялық белсенділіктерін зерттеу

6D060600 - Химия

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық кеңесшілер:

х.ғ.к., қауымдастырылған
профессор Ескалиева Б.К.
PhD докторы Ибраева М.М.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

PhD докторы, қауымдастырылған
профессор Ахмет Бейатли
Стамбул, Түркия

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	7
1 ӘДЕБИ ШОЛУ.....	12
1.1 Сабынкөкгүлділер (<i>Scrophulariaceae</i>) тұқымдасының жалпы сипаттамасы.....	12
1.1.1 <i>Verbascum orientale</i> L. (шығыс аюқұлақ).....	13
1.1.2 <i>Verbascum densiflorum</i> L. (ұзын аюқұлақ).....	13
1.1.3 <i>Verbascum phoeniceum</i> L. (күлгін аюқұлақ).....	13
1.2 Сабынкөкгүлділер тұқымдасына жататын өсімдіктердің химиялық құрамы.....	14
1.3 Табиғи полифенолды қосылыстардың жіктелуі және биологиялық белсенділіктері.....	18
1.4 Фенилпропаноидтар. Фенилпропаноидтардың жіктелуі.....	19
1.4.1 Фенилпропаноидтардың биосинтезі және өсімдік әлемінде таралуы	26
1.5 Флавоноидтардың жіктелуі және биосинтезі.....	28
1.5.1 Өсімдік шикізатынан флавоноидтарды алу және анықтау әдістері	33
1.5.2 Флавоноидтарды идентификациялау үшін қолданылатын спектрлі әдістер.....	39
1.6 Полифенолдардың фармакологиялық және биологиялық белсенділіктері.....	42
2 ТӘЖІРИБЕЛІК БӨЛІМ.....	46
2.1 Шикізат және қолданылған материалдар.....	46
2.2 Зерттеу әдістері.....	47
2.2.1 Қағазды және жұқа кабатты хроматография	47
2.2.2 Жоғарыэффективті сұйықтық хроматографиясы	47
2.2.3 Масс - спектрометрия (EI/MS, ESI/MS және FAB/MS)	48
2.2.4 Газды хроматография - масс-спектрометриясы.....	49
2.2.5 Құрылымдық талдау	51
2.2.6 Параллель тәжірибелердің нәтижелерін статистикалық өңдеу	52
2.3 Биологиялық белсенді заттарға сандық талдау жасау.....	52
2.3.1 Шикізаттағы экстрактивті заттарды анықтау.....	53
2.3.2 Флавоноидтардың сандық мөлшерін анықтау	54
2.3.3 Фенилпропаноидтардың сандық мөлшерін анықтау.....	54
2.3.4 Өсімдік шикізаты құрамындағы май қышқылдарын талдау	55
2.3.5 Өсімдік шикізаты құрамындағы амин қышқылдарын талдау	56
2.4 <i>Verbascum</i> текті өсімдіктерді экстракциялау және биологиялық белсенді заттар алу.....	56
2.4.1 <i>Verbascum orientale</i> L. шикізатынан мацерациялық экстракциялау нәтижесінде алынған фитопрепараттардан жеке заттар бөлу	58
2.4.2 <i>Verbascum densiflorum</i> L. шикізатынан Сокслет аппаратында циркуляциялық экстракциялау нәтижесінде алынған фитопрепараттардан жеке заттар бөлу.....	60

2.5	Шикізат экстрактілеріне биологиялық скрининг жасау.....	61
2.5.1	Иммунтүрлендіргіш (қабынуға қарсы) белсенділікті талдау.....	61
2.5.2	Бактерияға қарсы белсенділікті талдау.....	62
2.5.3	Тотығуға қарсы белсенділікті талдау.....	62
2.5.4	Цитотоксикалық белсенділікті талдау.....	63
2.5.5	Фитотоксикалық белсенділікті талдау.....	65
3	ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ.....	66
3.1	<i>Verbascum</i> текті өсімдіктердің шынайылығын анықтау және биологиялық белсенді топтардың сандық мөлшері мен сапалық құрамын талдау.....	66
3.2	Өсімдіктер құрамындағы микро - және макроэлементтік талдау..	70
3.3	Өсімдік шикізаттарынан амин және май қышқылдарының мөлшерін анықтау.....	72
3.4	<i>Verbascum</i> текті өсімдіктердің липофилді құрамын анықтау.....	75
3.5	<i>Verbascum текті</i> өсімдік шикізаты құрамынан биологиялық белсенді кешенді бөлуді оңтайландыру және жеке заттар алу.....	80
3.6	<i>Verbascum orientale L.</i> текті өсімдіктен бөлінген жеке заттарды идентификациялау.....	84
3.7	<i>Verbascum densiflorum L.</i> текті өсімдіктен бөлінген жеке заттарды идентификациялау.....	104
3.8	Аюқұлақ текті өсімдіктердің биологиялық белсенділіктері.....	111
3.8.1	Иммунтүрлендіргіш (қабынуға қарсы) белсенділік.....	111
3.8.2	Бактерияға қарсы белсенділік.....	112
3.8.3	Тотығу үрдісіне қарсы белсенділік.....	114
3.8.4	Цитотоксикалық белсенділік.....	115
3.8.5	Фитотоксикалық белсенділік.....	118
	ҚОРЫТЫНДЫ.....	119
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	121
	ҚОСЫМША А - Патент.....	132
	ҚОСЫМША Ә - Оқу үрдісіне енгізу актісі.....	134
	ҚОСЫМША Б - ЯМР және масс - спектрлері.....	137
	ҚОСЫМША В - Жоғарыэффektivті сұйықтық хроматография (recycling preparative HPLC) хроматограммасы	144
	ҚОСЫМША Г - Бактерияға қарсы белсенділік протоколы	145

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі стандарттарға сәйкес сілтемелер келтірілген:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясы. 1 т. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2008. – 592 бет

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Фармакопеясы. 2 т. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2008. – 804 бет

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Фармакопеясы. 3т – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2014. – 872 бет

МЕМСТ 2237-75 Өсімдік шикізаты. Гүлдер, жапырақтар, шөптер. 1 бөлім. – Стандарттар баспасы, 1994, 159б.

МЕМСТ 24027.0-80 Өсімдік шикізаты. Гүлдер жинау әдістері мен қабылдау ережелері.

МЕМСТ 24027.1-80 Дәрілік өсімдік шикізаты. Шынайылығын, зиянды қосылыстар мен уланбағандығын және құрамын зерттеу әдістері.

МЕМСТ 24027.2-80 Дәрілік өсімдік шикізаты. Өсімдіктің ылғалдылығын, күлінің құрамын, экстрактивті заттар, эфир майлары және тері илегіш заттарды анықтау әдістері. Дәрілік өсімдік шикізатын талдау.

МЕМСТ 17768-90 Дәрілік өсімдік шикізаты. Орау, таңбалау, тасымалдау және сақтау.

МЕМСТ 42-3-84 Өсімдік шикізатын сақтау ұзақтығы. Өсімдік шикізатының сапасын бақылау

МЕМСТ 64-060-88 Өсімдік шикізатын сақтау, темір жол арқылы тасымалдау және қайта өңдеудегі шығын нормалары, нұсқаулар.

МЕМСТ 31791 Эфир майлары және гүлді-шөпті эфир майлы шикізат көзі

МЕМСТ 7.32-2001 Халықаралық стандарттар. Кітапханалық және баспалық мәліметтер бойынша стандарттар жүйесі. Ғылыми зерттеу жұмыстары бойынша есеп беру. Жобалаудағы ережелер мен келтірулер.

МЕМСТ 6.38-90 Құжаттар жүйесін сәйкестендіру. Құжаттарды реттеу талаптары.

МЕМСТ 8.417-81 Өлшем бірліктерді реттейтін мемлекеттік жүйе. Физикалық өлшем бірліктері.

МЕМСТ 30178-96 Шикізат және тағамдық өнімдер. Уытты элементтерді атомдық адсорбциялық әдісімен анықтау.

МЕМСТ1770-74 Тәжірибелік өлшеуіш шыны ыдыстар. Жалпы техникалық шарттар.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар қолданылған:

Scrophulariaceae – Сабынкөкгүлділер тұқымдасы

Шығыс аюқұлақ (*Verbascum orientale*), тығыз гүлді немесе ұзын аюқұлақ (*Verbascum densiflorum*), күлгін аюқұлақ (*Verbascum phoeniceum*) – Сабынкөкгүлділер (*Scrophulariaceae*) тұқымдасына жататын өсімдік түрлері

Фенилпропаноидтар – құрылымында бір немесе бірнеше фенилпропан (C_6-C_3) фрагменттері бар ароматты фенолды қосылыстар

Флавоноидтар – құрамында γ – пирон сақинасымен байланысқан екі фенилді қалдығы бар бензо - γ – пиронның туындылары

Электронды иондану (соқтығысу) (EI) – энергетикалық электрондардың қатты немесе газ фазасының атомдарымен немесе молекулаларымен әрекеттесіп, ион түзу әдісі. Масс - спектрометрия үшін алғашқы ионизациялау техникаларының бірі

Broad Band (BB) – кең жолақты ажырату: барлық спин - спинді байланысы ажыратылатын ^{13}C - ЯМР спектроскопия әдісі, нәтижесінде барлық сигналдар синглет ретінде тіркеледі

Distortion Less Enhancement by Polarization Transfer (DEPT) – поляризация көмегімен көміртектің бастапқы, екінші және үшінші атомдарының болуын анықтайтын ^{13}C - ЯМР спектроскопия әдісі.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ББЗ	– биологиялық белсенді заттар
ББК	– биологиялық белсенді кешен
Д	– дублет
Дд	– дублет дублет
ЖҚХ	– жұқа қабатты хроматография
ЖЭСХ	– жоғары эффектілі сұйықтық хроматографиясы
ИҚ	– инфракызыл аймақ
ҚХ	– қағазды хроматография
М	– мультиплет
м.ү.	– миллиондық үлес
ПМР	– протондық магниттік резонанс
С	– синглет
УК	– ультракүлгін аймақ
ЯМР	– ядролық магниттік резонанс
А	– айналу бұрышы
COSY	– спектрде бір-біріне диагоналды орналасқан протондардың корреляцияланған шындарды тіркейтін гомоядролы корреляцияланған спектроскопия
DMSO - d_6	- дейтерийленген диметилсульфоксиді
EI/MS	– электронның әсер, масс - спектрометрияға электронның әсері
ESI	– электрлік шашырату арқылы иондану
GC/MS	– масс - спектрометрия - газ хроматографиясы
HMBC	– спектрде бір мезгілде ^1H және ^{13}C ЯМР спектрлері қарастыратын гетероядролы корреляцияланған спектроскопия
IC ₅₀	– максималды жартылай ингибиторлық концентрация
NOESY	– бір-біріне жақын орналасқан сутегі атомдарын анықтайтын гомоядролы корреляцияланған спектроскопия
HMQC	– спектрде бір мезгілде ^1H және ^{13}C ЯМР спектрлерін қарастыратын гетероядролы корреляцияланған спектроскопия
Rf	– хроматографиялық заттардың жылжу жылдамдығын көрсететін өлшемсіз бірлік
Rf	– заттардың хроматографиялық жылжу жылдамдығын көрсететін өлшемсіз бірлік көрсеткіші
Sephadex LN - 20	– LN-20 маркалы сефадекс сорбенті

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс Шығыс Қазақстанда өсетін *Scrophulariaceae* (Сабынкөкгүлділер) тұқымдасына жататын *Verbascum orientale L.*, *Verbascum densiflorum L.* және *Verbascum phoeniceum L.* текті өсімдік түрлерінен жеке таза заттарды алу және олардың биологиялық белсенділіктерін зерттеуге, биологиялық белсенді заттарды бөлудің тиімді блок-сызбанұсқасын онтайландыруға, олардың химиялық құрамын талдап, құрылысын дәлелдеуге арналған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Соңғы онжылдықтарда фитотерапияға деген қызығушылық тұрақты түрде артуда. Себебі дәрілік өсімдіктердің басты артықшылығы адам ағзасына жанама әсерлерінің аздығы және шөптік препараттарды ұзақ уақыт қолдану мүмкіндігінде болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстанда ассортименті жүйелі түрде жаңартылып отыратын емдік мақсатта 3000-ға жуық препараттар мен субстанциялар қолданылады және барлық дәрілік заттардың 1/3 бөлігі дәрілік өсімдіктер мен емдік шөптерден өндіріледі. Бұл таза түрде бөлінген жаңа препараттардың санын көбейтуге және фитохимиялық зерттеулерді дамытудың келешегін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанның флорасында отандық фармацевтикалық өндірісте қолданылатын биологиялық белсенді заттарға бай 6000-нан астам өсімдік түрлері бар. Қазақстан Республикасы Үкіметінің дәрілік заттармен қамтамасыз ету бойынша алға қойған негізгі міндеттерінің бірі елімізде отандық өсімдік шикізаты негізіндегі дәрілік препараттарды өндіретін дәрілік фармацевтикалық өнеркәсіпті дамыту болып табылады. Отандық фармацевтикалық кәсіпорындар дәрілік препараттардың 15%-ын өндіреді, оның ішіндегі дәрілік заттардың 40 % өсімдік текті дәрілерді құрайды. Сондықтан өнімділігі жоғары препараттарды жасау мен биологиялық белсенді кешендерді бөліп алудың жаңа тәсілдерін ұсыну өзекті мәселе болып саналады.

Шығыс Қазақстан аймағы өсімдіктердің алуан түрлілігімен ерекшеленеді. *Scrophulariaceae* тұқымдасы әлем бойынша 4,6% түр және 9,5% тектік құрамынан тұратын 20 тегі және 137 түрі бар кең тараған өсімдік. Дегенмен, *Verbascum* (аюқұлақ) текті өсімдіктердің барлық түрлері жүйелі зерттелмегендіктен, олардың химиялық құрамын талдау, фитопрепараттар мен биологиялық қосылыстарды бөлу әдістерін жасау, биологиялық белсенділікті зерттеу өте өзекті, себебі олар Қазақстан Республикасының медициналық препараттарының түрлерін кеңейтуге мүмкіндік беретін жоғары тиімді отандық фитопрепараттарды жасауға ықпал етеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – Шығыс Қазақстанда өсетін *Scrophulariaceae* тұқымдасына жататын *Verbascum orientale L.*, *Verbascum densiflorum L.* және *Verbascum phoeniceum L.* текті өсімдіктерден биологиялық белсенді заттардың жаңа көздерін алу тәсілін жасау және олардың химиялық құрамын анықтау.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

1. Зерттеуге алынған Сабынкөкгүлділер тұқымдасына жататын шығыс аюқұлақ (*Verbascum orientale L.*), ұзын аюқұлақ (*Verbascum densiflorum L.*) және күлгін аюқұлақ (*Verbascum phoeniceum L.*) өсімдік түрлерінің биологиялық белсенді заттары (ББЗ) негізгі топтарының сапалық және сандық құрамын зерттеу, салыстырмалы талдау жасау;

2. Биологиялық белсенді заттарды (флавоноидтар, фенилпропаноидтар, иридоидтар) алу және бөлудің оңтайлы технологиялық параметрлерін дайындау;

3. Химиялық және физика - химиялық талдау әдістерін қолдана отырып, заттарды жеке күйінде бөліп алу және олардың құрылысын дәлелдеу;

4. Бөлінген шартты фитопрепараттар мен жеке заттардың биологиялық белсенділіктерін анықтау.

Зерттеу нысандары: Шығыс Қазақстанда өсетін *Scrophulariaceae* (Сабынкөкгүлділер) тұқымдасына жататын *Verbascum orientale L.*, *Verbascum densiflorum L.*, *Verbascum phoeniceum L.* өсімдік түрлерінің жер үсті бөліктері шикізаттары. Өсімдіктер Шығыс Қазақстан аймағынан 2018-2019 жылдары үш вегетациялық кезеңде (бүршіктенуі – маусым, гүлденуі – шілде және жеміс беруі – тамыз-қыркүйек айларында) жиналған.

Қорғауға ұсынылған диссертацияның негізгі қағидалары:

- Биологиялық белсенді заттардың ең көп мөлшері *Verbascum orientale L.* өсімдік түрінің құрамында болады.
- *Verbascum orientale L.* өсімдігінің жер үсті бөлігінен ББЗ бөлудің оңтайлы параметрі шикізат пен еріткіштің сәйкесінше 1:9 қатынасы болып табылады.
- *Verbascum orientale L.* өсімдік түрінде бұрын әдебиетте сипатталмаған зат лютеолиннің 7-О-β-D-глюкопиранозил-3-О-(3-гидрокси-4-метокси)-циннаматы бар.
- *Verbascum orientale L.* өсімдіктерінен алынған этилацетатты, бутанолды сығындылар мен жеке зат лютеолиннің 7-О-β-D-глюкопиранозил-3-О-(3-гидрокси-4-метокси)-циннаматы ибупрофен деңгейінде иммунтүрлендіргіш белсенділік көрсетеді.

Ғылыми жаңалығы

1. Іргелі ғылыми-зерттеу бағдарламасы аясында Шығыс Қазақстанда өсетін *Verbascum orientale L.*, *Verbascum densiflorum L.* және *Verbascum phoeniceum L.* өсімдік түрлерінің химиялық құрамы бойынша зерттеулер жүргізілді. Зерттелетін өсімдік үлгілеріне салыстырмалы фитохимиялық талдау жасалды.

2. Алғаш рет биологиялық белсенді заттарды (полифенолды қосылыстарды) бөлу және алудың оңтайлы блок - сызбанұсқасы ұсынылды. Өсімдіктерден биологиялық белсенді заттарды алу және бөлу технологиясын оңтайландыру үшін классикалық мацерация және Сокслет аппаратындағы циркуляциялық экстракциялау әдістері қолданылды. *Verbascum* текті өсімдіктерден иммунтүрлендіргіш белсенділігі бар фенилпропаноидты кешенді алу үшін тиімді сорбент ретінде МСІ СНР-20Р гелі ұсынылды және жеке

қосылыстар препаративті жоғарыэффektivті сұйық хроматографиясы көмегімен алынды.

3. *Verbascum* текті өсімдіктердің зерттеу үлгілерінен 13 биологиялық белсенді қосылыстар бөлінді, оның біреуі, бұрын әдебиетте келтірілмеген жаңа зат: лютеолиннің 7-О-β-D – глюкопиранозил – 3–О-(3 – гидроксид – 4 - метокси) - циннаматы. Сонымен қатар гександы экстрактыдан 87 липофильді заттар идентификацияланды. Қосылыстардың құрылысы химиялық (қышқылдық, сілтілік гидролиз) және спектрлік: ЯМР (¹H, ¹³C), 2D ЯМР (HMBC, HMQC, COSY, NOESY) УК, ИҚ - спектроскопия және (EI-MS, ESI-MS, FAB-MS) масс спектрометрия заманауи әдістерімен расталды.

4. Шығыс Қазақстанда өсетін *Verbascum* текті өсімдіктерден 12 шартты фитопрепараттар және 1 жеке қосылыстың үлгілері әзірленіп, биологиялық белсенділіктері зерттелді. Алынған фитопрепараттардан цитотоксикалық, фитотоксикалық, иммунтүрлендіргіш, тотығуға және бактерияға қарсы белсенділіктер анықталды.

Жұмыстың тәжірибелік маңызы. *Verbascum* текті өсімдіктер биологиялық белсенді заттарды алудың жаңа көзі болып табылады.

Verbascum (аюқұлақ) текті өсімдіктерден алынған шартты экстрактілер мен биологиялық белсенді заттардың биологиялық скрининг нәтижелері цитотоксикалық, фитотоксикалық, иммунтүрлендіргіш, тотығуға және бактерияға қарсы белсенділіктер көрсетіп, жеке күйде бөлінген лютеолиннің 7 – О – β – D – глюкопиранозил – 3 – О - (3 – гидроксид - 4-метокси) - циннаматы айқын қабынуға (иммунтүрлендіруші) қарсы белсенділік танытты, ал *Verbascum phoeniceum* L. өсімдігінен алынған экстрактілер тотығу үрдісіне және бактерияға қарсы белсенділіктер көрсетті. Осыған орай, алынған нәтижелер агроөндірісте және фармацевтикалық нарықта арнайы белсенділігі бар жоғарыэффektivті отандық дәрі - дәрмектер жасау тәжірибесінде қолданысқа ие болады. Зерттеу жұмысының нәтижелері «Табиғи қосылыстар химиясы», «Табиғи қосылыстардың химиясы және технологиясы» пәндері бойынша оқу үдерісіне енгізілді.

Алынған нәтижелер мен бастапқы мәліметтерді нақты қолданылуы жөнінде ұсыныстар

Шығыс Қазақстанда өсетін *Scrophulariaceae* тұқымдасының *Verbascum orientale* L., *Verbascum densiflorum* L. және *Verbascum phoeniceum* L. текті өсімдіктерінен алынған фитопрепараттар биологиялық скрининг нәтижесінде цитотоксикалық, иммунтүрлендіргіш, тотығуға және бактерияға қарсы белсенділіктер көрсетті. Зерттеу нәтижелерін отандық фармациямен ауыл шаруашылығында, биоорганикалық химияда пайдалануға ұсынуға болады. Флавоноидты және фенилпропаноидты қосылыстарды бөлу және алу әдістері оқу үрдісі тәжірибесіне енгізуге ұсынылды. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері «Табиғи қосылыстардың химиясы», «Табиғи қосылыстардың химиясы және технологиясы» пәндерінің дәрістерінде қолданылады. Зерттеу жұмысының нәтижелері Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қабынуға қарсы әсері бар кешен алу әдісі» (№6334, бюлл. №33 20.08.2021)

пайдалы модельге патентімен қорғалды. 6B01504 – Химия, 6B01507-Химия - Биология және 7M05302 – Химия білім беру бағдарламасына «Табиғи қосылыстар химиясы», «Табиғи қосылыстардың химиясы және технологиясы» пәндері бойынша оқу үрдісіне енгізу актісі (№1, 26.10.2021) құрастырылды.

Зерттеу нәтижелерін енгізуді техника - экономикалық тұрғыдан бағалау

– Диссертациялық жұмыста Сабынкөкгүлділер тұқымдасының *Verbascum* текті өсімдіктерінен жаңа биологиялық белсенді заттарды алу және бөлудің оңтайлы блок - сызбанұсқасы ұсынылды. Зерттеу нәтижесінде бөлінген жеке қосылыстардың құрылысы талдаудың: ИҚ, УК, EI-MS, ESI-MS, FAB-MS, ЯМР (^1H , ^{13}C) және 2D ЯМР (HMBC, HMQC, COSY, NOESY) заманауи спектрлік әдістерін қолдану арқылы расталды.

– Бұрын әдебиетте келтірілмеген 1 жаңа зат – лютеолиннің 7 – O – β – D – глюкопиранозил – 3 – O - (3 – гидроксид – 4 - метокси) циннаматы айқын иммунтүрлендіргіш белсенділік көрсетті.

– Ғылыми–зерттеу жұмыстары барысында алынған биологиялық белсенді кешендер мен жеке заттардың биологиялық скрининг нәтижелері көрсеткен: цитотоксикалық, иммунтүрлендіргіш, тотығуға және бактерияға қарсы белсенділік көрсеткіштері медицинада отандық жоғары тиімді жаңа препараттар түрлерін арттырып, сонымен бірге оқу үрдісі мен ауыл шаруашылық саласына қолдануға өз үлесін қосады.

Автордың жеке үлесі зерттеу бағытын таңдау, жұмыстың мақсаты мен міндеттерін анықтау, диссертация тақырыбы бойынша әдеби деректерді іздеу мен талдау, өсімдік шикізаттарын жинау, диссертациялық жұмыстың теориялық және тәжірибелік бөлігін орындау, материалдарды өңдеу, келтірілген зерттеу нәтижелерін талдау және рәсімдеуді, сондай-ақ ғылыми мақалаларды республикалық және халықаралық басылымдарда жариялауды автор өзі іске асырды.

Жұмыстың мемлекеттік ғылыми бағдарламаларының жоспарымен байланыстылығы. Диссертациялық жұмыс С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті химия кафедрасының ғылыми-зерттеу жоспары бойынша және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылыми техникалық бағдарламасы АР05131716 «Медицина және ауыл шаруашылығына арналған өсімдік шикізатынан жаңа отандық препараттарды бөліп алудың ғылыми негіздерін жасау» (мемлекеттік тіркеу нөмірі 0118RK00459, 2018-2020 ж.ж.) жоспарына сәйкес орындалды.

Сенімділік деңгейі мен жұмыстың сыннан өтуі. Диссертацияның негізгі нәтижелері мен тұжырымдамалары келесі республикалық және халықаралық конференцияларда баяндалды және талқыланды:

1. «Қазіргі замандағы ғылым және білімнің дамуындағы тенденциялар» атты Уәлиев оқулары-2018 (қараша 2018 ж., Өскемен қ - сы, Қазақстан);

2. XLII Международная научно - практическая конференция: Results of research activities 2018: inventions, methods, innovations (желтоқсан 2018ж., Москва қ-сы, Ресей);

3. Materials of the V International Scientific – Practical Conference «Integration of the Scientific Community to the Global Challenges of Our Time» (12 - 14 ақпан 2020 ж., Токио қ - сы, Жапония);

4. Materials of the VI International Scientific – Practical «Integration of the Scientific Community to the Global Challenges of Our Time» Conference (10 - 12 ақпан 2021 ж., Иокохама қ - сы, Жапония);

5. Ғылым мен білімді дамытудың өзекті мәселелері» атты Уәлиев оқулары – 2020 халықаралық ғылыми – тәжірибелік онлайн – конференциясы (қазан 2020ж., Өскемен қ - сы, Қазақстан);

6. VII Международная научно – практическая конференция «Европа и тюркский мир: наука, техника и технологии» (4 - 6 мамыр, 2022 ж., Мерсин қ - сы, Түркия).

Жариялымдар. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен қорытындылары бойынша 11 ғылыми еңбектер жарияланды, оның ішінде 1 мақала импакт - факторы нөлдік емес халықаралық рецензияланған Scopus және Wef of Science (Q4) басылымда, 3 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған басылымдарда, «ҚР БҒМ «Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕ АҚ», РМК «Ұлттық зияткерлік меншік институтында» «Қабынуға қарсы әсері бар кешен алу әдісі» атты 1 пайдалы модельге патент және 6 мақала баяндамалары халықаралық және республикалық конференциялар жинақтарында жарияланды.

Диссертацияның құрылысы мен көлемі. Диссертация кіріспе, үш бөлім, қорытынды, 161 пайдаланылған әдебиеттер тізімі және 5 қосымшадан тұрады. Диссертация компьютерде терілген 146 беттен, 65 суреттен және 32 кестеден құралған.

1 ӘДЕБИ ШОЛУ

1.1 Сабынкөкгүлділер (*Scrophulariaceae*) тұқымдасының жалпы сипаттамасы

Сабынкөкгүлділер тұқымдасының түрлері саналуан болғандықтан таралуы жағынан алдыңғы қатардағы көпжылдық немесе біржылдық қосжарнақты өсімдіктер болып табылады [1]. *Scrophulariaceae* тұқымдасына 250-ден аса туыс, 5000 - ға жуық түрлері енген. Тұқымдастың жапырақтары, қарама қарсы және апикальды кезектесіп орналасқан, гүл шоғырлары жарғақшалар, масақшалар немесе қалқанша тәрізді қарапайым зигоморфты дара күйде шоғырланып өседі [2]. Олар бұталы, сирек ағашты, кейбірі жартылай паразиттік (*Odontites* туыстары), паразитті болып келеді [3]. Көбіне субтропикалық және таулы аймақтарда таралған [4, 5]. Елімізде *Scrophulariaceae* тұқымдасының 23 туысы, 171 түрі кездеседі [3, б. 28], [6]. Тұқымдастың *Mumulis*, *Penstemon*, *Digitalis*, *Verbascum* және *Veronica* тәрізді түрлері өздерінің емдік қасиеттеріне байланысты медицинада кеңінен қолданылады. Неуууд мәліметтеріне сүйенсек, *Verbascum* текті өсімдіктердің 360 - қа жуық түрлері Азия, Еуропа, Солтүстік Америкада таралған, сонымен қатар Батыс және Орталық Азия (әсіресе, Анатолия аралдары) туыс түрлерінің негізгі орталығы болып саналады [7].

Verbascum (аюқұлақ) — Сабынкөкгүлділер тұқымдасына жататын шалғындар мен тау беткейлерінде өсетін екі жылдық өсімдік. Жапырақтары 10 - 40см, сабағындағы жапырақтары эллиптикалық - ланцетті, төмен иілген қарама қарсы немесе кезекті орналасқан. *Verbascum* атауы латынша «*barba*» сақал сөзінен шыққан, яғни жапырақтарының төмен қарап орналасуына байланысты аталған. Сонымен қатар, өсімдіктің мулен «*mullein*» атауы ағылшын тілінен *moleune*, ескі французша *moleine*, жапырағына қарай «жұмсақ» деп те аталып кеткен [8].

Аюқұлақ Азия мен Еуропада таралған, кейін Солтүстік Америкаға емдік шөп - дәрі ретінде әкелінген. Ол 1700 жылдардың ортасында Вирджинияға балықтарға у ретінде кіргізіліп, артынша тез тарап кеткен [9]. Түркияда Қара теңіздің жағалауына (Орду, Риза, Чорух) кең таралған. *Verbascum* жабайы түрде тасты топырақтар мен тоғайлы егістіктерде өсе береді.

Қазақстан Флорасының Павлов Н.В. ұсынған мәліметтер бойынша *Verbascum* текті өсімдіктердің 9 түрі [3, б. 30], соңғы деректер сай Байтенов М.С. 10 түрі кездесетін келтірген [10]:

- *Verbascum orientale* L (шығыс аюқұлақ);
- *Verbascum densiflorum* L .(ұзын аюқұлақ);
- *Verbascum phoeniceum* L .(күлгін аюқұлақ);
- *Verbascum thapsus* L. (қарапайым аюқұлақ);
- *Verbascum macrocarpum* L. (мулен);
- *Verbascum turkestanicum* L. (Түркістан аюқұлағы);
- *Verbascumlychnitis* L. (шайырлы аюқұлақ);
- *Verbascum songoricum* L. (жонғар аюқұлағы);

- *Verbascum phlomoides* L. (дәрілік аюқұлақ);
- *Verbascum marschallianum* L. (Маршалла аюқұлағы).

1.1.1 *Verbascum orientale* L. (шығыс аюқұлақ)


Verbascum orientale L. Еуропа, Кавказ, Батыс Сібір, Орталық Азия, Балкан және Батыс Қытай елдерінде және еліміздің таулы, жазықты далаларында Тарбағатай, Жоңғар - Алатау бөктерлерінде, Балқаш, Алакөл жағалауларында кеңінен таралған. Өсімдік биіктігі 50 - 100 см, сабағы тік, қабырға тәріздес, жоғарғы жағы шашақты, жасыл жапырақты қалың, төменге салбыраңқы өседі. Жапырақтарының ұзындығы 10 - 30 см, ені 4 - 12 см. Гүл шоғыры сары түсті, 2 - 5 гүлдері сабақтарда және оның бұтақтарында отырады. Көпжылдық немесе екі жылдық шөптесін өсімдіктер. КСРО - да 46 түрі, Қазақстанда 9 түрі кездеседі [3, б. 31].

1.1.2 *Verbascum densiflorum* L. (ұзын аюқұлақ)

Ұзын немесе тығызгүлді аюқұлақ Евразияның және Ресейдің батыс бөлігі мен Кавказдың құмды топырақты, құрғақ, орман және дала шалғындарында, тасты және құмды беткейлерде, өзендердің жағалауында, жол жиектерінде өседі. Сабағының биіктігі 20 - 120 см, қалың жапырақты, тармақталмаған, көбінесе жоғарғы жағы ғана аздап тармақталған, сұр немесе сарғыш - сұр түсті екі жылдық өсімдік. Жапырақшаларының ұзындығы 2 - 5 см, базальды жапырақтары 10 - 40 см, ені 4 - 10 см ұзын немесе ұзын - эллиптикалық болып келеді. Сабақтарындағы жапырақтарының төменгі жағы ұзын, өткір, негізгі шеттері созылған, төмен орналасқан. Жоғарғы бағаналы жапырақтары сопақша, ұшты немесе ұзыншақ, сабақтарының бойымен орналасқан. Гүлдері (2)3 - 4(8) шоқтарында жиналған, жоғарғы жағы қалыңдау, төменге қарай сирек кездеседі. Маусымнан бастап тамыз айының соңына дейін гүлдейді. Тұқымдары кішкентай, қоңыр - қара болып келеді [3, б. 32].

1.1.3 *Verbascum phoeniceum* L. (күлгін аюқұлақ)

Күлгін аюқұлақ Орталық Еуропа, Орталық Азия және Батыс Қытайда, сондай - ақ АҚШ және Канаданың кейбір таулы аймақтарында өсетін екі немесе көп жылдық өсімдік. Америка құрама штаттарының кей аймақтарында қысқы мерзімде өседі және күлгін - қызғылт гүлдері басқа мулен түрлеріне қарағанда бақшада ерте гүлдейтін сәндік көп жылдық өсімдік. Жапырақтары өсетін ортаға байланысты эллипс тәрізді, сопақша, хорда немесе ланцет тәрізді болады. Бес жапырақшалы гүлдері масағында гүл шоғыры ретінде өседі. Гүлдері күлгін, қызғылт, кейде ақ түсті болады. Гүл реңінің өзгеруі басқа мулендермен будандастырғанда өзгереді. Маусым айында гүлдеген гүлдері шоғырлана өсіп, бір ай бойы сақталып тұрады. Өсімдік биіктігі 60 - 80 см аралығында болады. Гүлдену мерзімі – мамыр - тамыз айлары, қыркүйек - қазан айларында жеміс береді [11].



Сурет 1 – *Verbascum* текті өсімдік түрлері: а) *Verbascum orientale* L.
 ә) *Verbascum densiflorum* L. және б) *Verbascum phoeniceum* L.

1.2 Сабынкөкгүлділер тұқымдасына жататын өсімдіктердің химиялық құрамы

Verbascum текті өсімдіктердің биологиялық белсенді топтары – 11% қанттар, 2,5% шырыш, иридоидтар, фенилпропаноидтар, флавоноидтар, кумариндер, сапониндер (вербаскосапонин), тері илегіш заттар, фенол қышқылдары және оның эфирлері, жоғары май қышқылдары, бояғыш заттардан тұрады [12].

Verbascum phlomoides L. және *Verbascum densiflorum* L. жер үсті бөліктері шикізаттарынан иридоидты гликозидтер: аукубин, гарпагид, каталпол гликозидтері мен фенилпропаноидтардың гликозидтері бөлінген [13]. Өсімдік гүлдерінде алкалоидтар: анабазин, тритерпен сапониндері бар. Аюқұлақ өсімдіктерінде С дәрумені, эфир майлары, гесперидин, рутин, кверцетин, каротиндер, К, Са, Мп, Zn, Sn, Li тұздары, тамырларында β - ситостерол мен стигмастан – 3 - ол, сабағында β - ситостерол мен хондрилластерол бар екендігі анықталған. *Verbascum nigrum* L. құрамынан полифенолдар – кверцетин, гесперидин, розмарин, кофе, феруоил қышқылдары алынып, құрылыстары дәлелденген [14].

Өсімдік шикізатынан бөлінген биологиялық белсенді заттар, полифенолды қосылыстар (фенилпропаноидтар мен флавоноидтар) толық қанды зерттелмегендіктен, олардың фармакологиялық белсенділіктерін зерттеудің орны ерекше. Флавоноидтар және олардың туындылары теориялық және практикалық қызығушылық тудырғандықтан, әрі әдебиеттерге сүйене отырып, фитохимиялық зерттеулер жеткіліксіз екендігі анықталғандықтан, полифенолдарға бай өсімдіктерді зерттеу маңызды мәселелердің бірі болып табылды. *Verbascum* текті өсімдіктерден бөлінген жаңартылған қосылыстар 1 - кестеде келтірілген.

Кесте 1 – *Verbascum* тектес өсімдік түрлерінен бөлінген биологиялық белсенді заттар

Өсімдік шикізаты	Зат атауы	Физика - химиялық мағлұматтары	Әдебиет
1	2	3	4
<i>Verbascum salviifolium</i> Boiss.	Каталполдың 6 – O-β-D-глюкопирано-зиді	C ₂₁ H ₃₂ O ₁₅ Аморфты ұнтақ зат, [α] ₂₀ D – 8.1, молекулалық массасы HR-ESIMS (m/z 547,1630 [M+Na] ⁺), LC-ESIMS (m/z 547 [M+Na] ⁺) және ЯМР деректерінің (m/z 547 [M+Na] ⁺) комбинациясы. УК 206 нм - де максималды көрсетті, бұл иридоидты енол эфир жүйесінің болуын болжайды. Сол сияқты, ИҚ жұтулары [3470 (OH), 1650 (C=C - O) см ⁻¹]	[15]
<i>Verbascum salviifolium</i> Boiss.	6 – O - (6" – O – транс – n – гидроксидиннамоил) – β – D – глюкопиранозил аукубин	C ₃₀ H ₃₈ O ₁₆ Аморфты ұнтақ, [α] ₂₀ D – 101.9, HR - ESI MSm/z 677,1939 [M+Na] ⁺ 2 LC-ESI MSm/z 677 [M+Na] ⁺ . УК иридоидты енол эфир жүйесінің 205 нм және хош иісті ацил бөлігі 316 нм. ИҚ (OH) 3430 см ⁻¹ , конъюгацияланған күрделі эфир карбониліне 1705 см ⁻¹ , - C = C - 1643 см ⁻¹ және ароматты сақинаға 1604, 1546, 1363см ⁻¹	[15]
<i>Verbascum thapsus</i> L.	6 – O –сирин-гоил - аюгол	C ₂₄ H ₃₂ O ₁₃ Аморфты ұнтақ. [α] _D ²³ – 140, 7 ⁰ УК λ _{max} MeOH нм (ұзын толқында ε): 217 (4.54), 277 (4.10). FAB-MS m/z: 551 (M+Na) ⁺ , 529 (M ⁺ H) ⁺	[16]
<i>Verbascum thapsus</i> L.	6 – O - [α - L- (4 - кафеоил) – рамнопирано - зил] - каталпол	C ₃₀ H ₃₈ O ₁₇ Аморфты ұнтақ. [α] _D ²² –162.8 ⁰ УК λ _{max} MeOH нм (ұзын толқында ε): 217 (4.23), 235, 244 (4.06), 301, 330 (4.30). FAB-MS m/z: 693 (M+Na) ⁺ , 671 (M+H) ⁺	[16]
<i>Verbascum thapsus</i> L.	6 – O - [α – L -(4 – изофе-рулоил) рамно-пиранозил] – каталпол	C ₃₁ H ₄₀ O ₁₇ Аморфты ұнтақ. [α] _D ²² –139.8 ⁰ УК λ _{max} MeOH нм (ұзын толқында ε): 216 (4.26), 233, 242 (4.10), 296 (4.21), 326 (4.27). FAB - MSm/z:707 (M+Na) ⁺ , 685 (M+H) ⁺	[16]
<i>Verbascum thapsus</i> L.	6 - O - [α - L - (2 - 3, 4 - диметоксицинамоил) – рамнопиранозил] - каталпол	C ₃₂ H ₄₂ O ₁₇ Аморфты ұнтақ. [α] _D ²² –126.2 ⁰ УК λ _{max} MeOH нм (ұзын толқында ε): 217, 234 (4.15), 297 (4.21), 323 (4.31). FAB-MS m/z: 721 (M+Na) ⁺ , 699 (M+H) ⁺	[16]
<i>Verbascum thapsus</i> L.	6 - O - [α – L - (3 - 3, 4 – диметокси – циннамоил) – рамнопирано - зил] - каталпол	C ₃₂ H ₄₂ O ₁₇ Аморфты ұнтақ. [α] _D ²² –94.8 ⁰ (с= 0.67) УК λ _{max} MeOH нм (ұзын толқында ε): 231 (sh), 294 (4.12), 321 (4.19). FAB-MS m/z: 721 (M+Na) ⁺ , 699 (M+H) ⁺	[16]
<i>Verbascum bugulifolium</i> Lam.	Апигениннің 7 – O - рутинозиді	C ₂₇ H ₃₀ O ₁₄ M = 578.1676 Қайнау температурасы: 261 - 262°C УК: 269,334; + NaOAc 270,330; + NaOAc + H ₃ BO ₃ : 270,330; + EtONa:280,375; ИҚ: 3550, 1665, 1595, 1500, 1450, 1090, 1058, 1000	[17]

1 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
		¹ H ЯМР (Пиридин): 3,40 - 4,10 (10H), 1,25 (3H, д, J = 6, CH ₃), 5,38 (2H, br c, H - 1"), 5,62 (1H, д, J = 7, H-1"), 6,72 (1H, д, J = 2, H-6), 6,85 (1H, c, H - 3), 6,99(1H, d, J = 2, H-8), 7,15 (2H, д, J = 8, H-3), 6,99 (1H, д, J = 2, H - 8), 7,15 (2H, д, J = 8, H-3,5), 7,82 (2H, д, J=8, H - 2,6), 13,25 (1H, c, 5 - OH)	
<i>Verbascum undulatum</i>	Аукубиннің 6 - 0 - [3 - 0 - (3, 4 диметокси циннамоил) - α - L - рамно-пиранозиді немесе Ундулозид II]	¹ H ЯМР (CD ₃ OD, 400 MHz, м.ү.): 7.71 (1H, д, J = 16 Hz, H-7"), 7.23 (1H, д, J = 1.7 Hz, H-2"), 7.19 (1H, дд, J = 8.5, 2 Hz, H-6"), 6.98 (1H, д, J = 8.5 Hz, H-5"), 6.48 (1H, д, J = 16 Hz, H-8"), 6.35 (1H, дд, J = 5.9, 1.8 Hz, H - 3), 5.89 (1H, c, бр H - 7), 5.17 (1H, дд, J = 5.9, 3.9 Hz, H - 4), 5.07 (1H, дд, J = 9.5, 3.5 Hz, H - 3"), 4.95 (1H, д, J = 7 Hz, H - l), 4.85 (1H, д, H - l"), 4.69 (1H, д, J = 7.9 Hz, H - l'), 4.50 (1H, м, H - 6), 4.37 (1H, д, J = 15.1, H - 10α), 4.18 (1H, д, J = 15.1, H - 10b), 4.01 (1H, дд, J = 3.5, 1.6, H - 2"), 3.87 (3H, c, OCH ₃), 3.87 (1H, м, H - 6 a'), 3.87 (1H, д, J = 9.5, 5.8, H - 5"), 3.86 (3H, c, OCH ₃), 3.70 (1H, т, J = (9.5, H - 4"), 3.67(1H, м, H - 6b'), 3.40 (1H, т, J = 9, H-3'), 3.30 (1H, т, J = 9, H - 4'), 3.29 (1H, м, H - 5'), 3.25 (1H, дд,) 3.26 (1P, дд, J=9,7,9, H - 2'), 2.90 (1H, т, J = 7, H - 9), 2.85 (1H, м, H - 5), 1.32 (3H, д, J = 5.8, H - 6') ¹³ ЯМР (CD ₃ OD, 50 MHz, м.ү.): 169.0 (C - 9"), 152.4 (C - 4"), 150.4 (C - 3"), 149.5 (C - 8), 147.0 (C - 7"), 141.8 (C - 3), 128.8 (C - 1"), 127.0 (C - 7), 123.8 (C - 6"), 115.4 (C - 3", 2'), 71.5 (C - 4", 5"), 70.3 (C - 4', 2"), 62.6 (C - 6'), 61.4 (C - 10), 56.4 (2xOC H ₃), 47.99 (C - 9), 44.2 (C - 5), 18.1 (C - 6").	[18]
<i>Verbascum undulatum</i>	Аукубиннің 6 - 0 - [3 - 0 - (p-метоксиуиннамоил) - α - L - рамнопирано-зиді немесе Ундулозид III]	¹ H ЯМР (CD ₃ OD, 400 MHz): 7.71 (1H, д, J = 16, Hz, H - 7"), 7,54 (2H, д, J = 8.6 Hz, H - 2", 6"), 6.94 (2H, д, J = 8.6 Hz, H - 3" 5"), 6.43 (1H, д, H - 8"), 6.34 (1H, дд, J = 5.9, 1.7 Hz, H - 3), 5.89 (1H, c, H - 7), 5.17 (1H, дд, J = 5.9, 3.9 Hz, H-4), 5.07 (1H, дд, J = 9.5, 3.5 Hz, H-3"), 4.93 (1H, д, J = 7 Hz, H - l), 4.85 (1H, д, J = 1.6 Hz, H - l"), 4.68 (1H, д, J = 7.9 Hz, H - l'), 4.47 (1H, м, H - 6), 4.37 (1H, д, J = 15.1, H - 10a), 4.17 (1H, д, J = 15.1, H - 10b), 3.98(1H, дд, J = 3.5, 1.59, H - 2"), 3.87 (1H, м, H - 6 a'), 3.87 (1H, д, J = 9.5, 5.8, H-5"), 3.81 (3H, c, OCH ₃), 3.70 (1H, т, J = 9.5, H-4"), 3.68 (1H, м, H-6 b'), 3.41 (1H, т, J = 9, H3'), 3.30 (1H, т, J = 9, H - 4'), 3.29 (1H, м, H - 5'), 3.25 (1H, дд, J = 7, H - 9,7,9, H - 2'), 2.89 (1H, т, J = 7, H - 9), 2.82 (1H,	[18]

1 - кестенің жалғасы

1	2	3	4
		<p>м, Н - 5), 1.28 (3H, J = 5.7, Н - 6'). ¹³C ЯМР (CD₃OD, 50 MHz): 169.5 (C - 3'''), 162.7 (C - 4'''), 149.5 (C - 8), 146.2 (C - 7'''), 141.8 (C - 3), 130.1 (C - 2''', 6'''), 128.4 (C - 1'''), 127.0 (C - 7), 115.3 (C - 3''', 5''', 8'''), 105.4 (C - 4), 101.0 (C - 1''), 99.8 (C - 1'), 98.1 (C - 1), 89.1 (C - 6), 78.2 (C - 5'), 77.8 (C - 3'), 74.8 (C - 3'', 2'), 71.5 (C 4', 5''), 70.3 (C - 4', 2''), 62.6 (C - 6'), 61.4 (C - 10), 56.4 (OCH₃), 48.1(C - 9), 44.3 (C - 5), 18.0 (C - 6'').</p>	
<i>Verbascum cilicicum</i>	[6 - О - (4 - О - транс - циннамоил) - α - L - рамнопиранозил каталпол]	<p>C₃₀H₃₈O₁₅, УК (MeOH) λ max 220, 240, 278 нм, ИҚ (KBr) ν_{max} 3373 (OH), 1705 (C=O), 1635 (C=C), 1604, 1546, 1363 (ароматты сақина) см⁻¹, LC - ESIMS оң ионды m/z 661 [M⁺Na]⁺, LC - ESIMS теріс ионды m/z 637 [M⁻H]⁻) ¹H (500 MHz, DMSO - d₆) және ¹³C (125 MHz, DMSO - d₆)</p>	[19]
<i>Verbascum cilicicum</i>	Вербаспинозид [6 - О - (2 - О - транс - цинна-моил) - α - L - рамнопиранозил каталпол]	<p>C₃₀H₃₈O₁₅ УК (MeOH) λ max 216, 242, 280 нм, ИҚ (KBr) ν_{max} 3379 (OH), 1705 (C=O), 1643 (C=C), 1604, 1546, 1363 см⁻¹, LC-ESIMS оң ионды m/z 661 [M+Na]⁺, LC-ESIMS теріс ионды m/z 637 [M⁻H]⁻</p>	[19]
<i>Verbascum cilicicum</i>	Саккатозид [6-О - (2 - О - транс - р - кумароил) - α - L - рамно-пиранозил каталпол]	<p>C₃₀H₃₈O₁₆ УК (MeOH) λ max 216, 252, 314 нм, ИҚ (KBr) ν_{max} 3430 (OH), 1706 (C = O), 1643 (C = C), 1604, 1546, 1363 ароматты сақина) см⁻¹, LC - ESIMS оң ионды m/z 677 [M⁺Na]⁺, LC - ESIMS теріс ионды m/z 653 [M - H]. ¹H (500 MHz, DMSO - d₆) және ¹³C (125 MHz, DMSO - d₆)</p>	[19]
<i>Verbascum thapsus</i>	Вербатазин А	<p>УК λ max (MeOH) 203 нм; ИҚ ν max (KBr) 3386, 2902, 1737, 1659см⁻¹; FAB m/z[M-H] - 183; ¹H ЯМР: 4.35 (дд, J = 11.8, 4.1, Н - 1а), 4.23 (дд, J = 11.8, 3.8, Н1б), 4.13 (м, Н - 3), 5.70 (м, Н - 4), 4.39 (м, Н - 6), 2.82 (м, Н - 7а), 2.47 (м, Н - 7б), 3.30 (м, Н - 8), 2.65 (м, Н - 9) ¹³C ЯМР: 67.6 (т, C - 1а), 59.8 (т, C - 3), 129.9 (д, C - 4), 147.0 (с, C - 5), 82.8 (д, C-6), 29.7 (т, C-7а), 44.0 (д, C - 8), 44.3 (д, C - 9), 174.2 (с, C - 10) 82.8 (д, C-6), 29.7 (т, C-7а), 44.0 (д, C - 8), 44.3 (д, C - 9), 174.2 (с, C - 10)</p>	[20]

1.3 Табиғи полифенолды қосылыстардың жіктелуі және биологиялық белсенділіктері

Барлық өсімдік шикізатының полифенолды қосылыстарын гидролизденетін таниндерге (глюкоза мен басқа қант қосылған галл қышқылының эфирлері) және фенилпропаноидтарға бөледі. Полифенол туындылары өсімдік жасушасындағы зат алмасуда белсенді метоболиттер болып табылады, олар әртүрлі физиологиялық өсімдіктерді, жәндіктерді, бактерияларды, саңырауқұлақтарды және вирустарды әртүрлі патогендердің зақымдануынан және ультракүлгін сәулелерден қорғайды [21]. Фенилпропаноидтар құрылымы жағынан бірнеше топтарды қамтиды: гликозилденген фенилпропаноидтер (фенилпропаноидтар гликозидтері), флавоноидтар, изофлавоноидтар, кумариндер, стилбеноидтер, куркуминоидтар және лигнандар [22] (1 - сурет).



Сурет 2 – Табиғи полифенолды қосылыстардың негізгі топтары


Орто-, пара-, және мета- фенолдар жылдам тотығу қабілетін көрсетеді. Тотығу нәтижесінде семихионды радикалдар және хинондар түзіледі. Құрамында метокси топтары бар флороглюцин мен резорцин туындыларының тотығуға ұшырамау себебін, гидроксил тобымен көршілес көміртектің алкилдеу реакциясына түсуге бейімділігі түсіндіреді [23, 24]. Полифенолдар целлюлозамен бірігіп, патогенді саңырауқұлақтардың енуіне жақсы әсер етеді.

Илік немесе тері илегіш заттар өсімдік қабықтарында орналасып, оларды саңырауқұрақтар мен жәндіктерден қорғайды. Беткі ұлпаларда фенолдардың көп болуы патогенді микроағзалардың енуінен сақтайды.

Полифенолды қосылыстар тамақпен бірге адам ағзасына күнделікті түсуі қажет. Адам ағзасында Р дәруменінің жетіспеуі гипертония, қант диабеті және екіқабат кезде геморрагиялық ауруға шалдықтырады. Фенолдар – аскорбин қышқылдарымен бірлесе коллаген биосинтезін жылдамдата отырып бүйрек қызметін жақсартады.

Гиалуронидаза ферментінің белсенділігін ингибирлеуші - фенолды қосылыстар. Фенолды (рутин, катехин, гесперидин) қосылыстардың маңызды қасиеттері - гиалуронидаза ферментінің белсенділігін тежеу. Рутин мен гесперидин аскорбин қышқылының тежеу қызметін арттырады. Полифенолдар (кверцетин, рутин, гесперидин, антоциандар, кумариндер), олардың туындылары және фенолқышқылдары қан тамырлары қабырғаларын нығайтушы қасиетке ие. Кверцетиннің туындылары цитотоксикалық және антирадикалдық қасиет көрсетеді. Капилляр нығайтушы қасиет көрсететін – катехиндер, димерлі проантоцианиндер [25].

Өсімдіктерде фенолдар ферментативті гидроксилденіп, гидроксил топтардың саны артып тотығу процесіне бейім болады. Гидроксилдену реакциясы мен сақинаның үзілуі және қайта бірігуі (топтасуы) нәтижесінде ароматты қосылыстар ыдырап (қайта топтасып) жаңа зат түзіледі [26]. Фенолды қосылыстардың ең маңызды қасиеті – тотығу үрдісі:



Түзілген радикалдар – нейтрал молекулаларды реакцияға тартады. Тотығу үрдісін тез тоқтату үшін, белсенді инактивациялаушы антиоксидант қажет. Нейтрал молекуламен радикал арасында жаңа нейтрал молекула және жаңа радикал түзіледі.



Антиоксидантты эффект түзілгенде реакция кезіндегі фенолды ингибирленген радикал тотығу тізбегін жалғастырмайды, себебі бастапқы радикалдан тотығу энергиясы төмен болады.

1.4 Фенилпропаноидтар. Фенилпропаноидтардың жіктелуі

Фенилпропаноидтар құрылымында бір немесе бірнеше фенилпропан (C₆ - C₃) фрагменттері бар ароматты фенолды қосылыстар. Берілген класс өкілдері өсімдік әлемінде кеңінен таралған, дегенмен соңғы кездері осы топ негізінде дәрілік заттарды жасау мақсатында биологиялық заттарды зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып отыр [27].

Фенилпропаноидтар - негізінен фенилаланинамин және амин қышқылы арқылы шикимат жолымен синтезделетін өсімдік текті органикалық

қосылыстарының тобы. Құрылымдық фрагменті - тармақталмаған үш көміртекті тізбек бекітілген бензол сақинасы. Фенилпропаноидтар, микробтық аурулардан және ультракүлгін сәулелерден қорғау, жасуша қабырғаларының құрылымдық компоненттері, пигментті прекурсорлар мен сигналдық молекулалар қызметі функцияларын атқарады [27, б. 347], [28].

Фенилпропаноидтарды зерттеу барысында басқа да жаңа туындылары бөлініп, кластың жіктелуі толықтырылған. Профессор В. А. Куркиннің ұсынған жіктелуі бойынша фенилпропаноидтар табиғи қосылыстарда жеке класс ретінде қарастырылған [29].

1. Қарапайым фенилпропаноидтар

- а) корич қышқылы және олардың туындылары
- ә) циннамоиламидтар
- б) корич спирттері және олардың туындылары
- в) корич альдегидтері
- г) фенилпропандар.

2. Күрделі фенилпропаноидтар

- а) фенилэтаноидтар негізді фенилпропаноидтардың гликозиді
- ә) фенилпропаноидтардың тотыққан өнімдері (лигноидтар)
 - лигнандар
 - флаволигнандар
 - ксантонолигнандар
 - кумаринолигнандар
 - алкалоидолигнандар
 - неолигнандар.






3. Фенилпропаноидты қосылыстардың биогенетикалық туындылары (флавоноидтар, кумариндер және тағы басқалары).

Кең танымал стилбеноидтердің бірі - ресвератрол, оның фармакологиялық белсенділіктердің кең, тұт пен жүзімнің қабығы мен тұқымында кездеседі [30]. Куркума сығындысының құрамында 75 - 95% куркумин бар, куркума дәмдеуіштер ретінде пайдаланылады. Сонымен қатар, куркума ежелден халықтық медицинада әртүрлі қабынуды емдейтін құрал ретінде қолданылған.






Фенилпропаноидтардың жіктелуі, қабық спирті мен қабық қышқылының негізгі қызметі болып табылатын фенолды қосылыстардың биосинтезіне негізделген (2-кесте) [31 - 34].

Фенилпропаноидтар молекулаларындағы құрылымдық фрагменттерінің әртүрлі белгіленуі мен номенклатурасына байланысты қабық қышқылының мысалында фенилпропаноидтардың көміртек атомындағы біріңғай нөмірлеуінен С - 7, С - 8 және С - 9 молекулаларынан пропанды фрагменттен нақты бөлуге болатыны көрсетілген, сәйкесінше, С - α , С - β және С - γ деп белгіленеді [35].

Кесте 2 – Қабық спирттері мен қышқылдарының физика-химиялық мәліметтері

Қосылыстардың құрылысы	Физика – химиялық константалар, Өсімдік шикізаттары
1	2
<p>Қабық спирті</p> 	<p>$C_9H_{10}O$ (M^+ 134), балқу темп. $33 - 34^\circ$ (хлф-гексан), λ_{max} 252нм, 200°- дағы масс- спектр, m/z (қарқындылық, %): M^+134 (70), 115 (40), 105 (52), 92 (100), 91 (80), 78 (80), 77 (50). Дейтероацетондағы 1H-ЯМР – спектрлер (100 МГц. М.д.): 7.2-7.4 (м, 5 ароматты-Н), 6.65 (д, 16 Гц, Н-7), 6.4 (дт, 6 және 16 Гц, Н-8), 4,3 (м, 2Н-9)</p>
<p>Кумар спирті</p> 	<p>$C_9H_{10}O_2$ (M^+ 150), балқу темп. $116 - 118^\circ$ (су), λ_{max} 264 нм. 100° - дағы масс - спектр: M^+150 (100), 149 (7), 134 (1), 133 (11), 132 (25), 122 (2), 108 (22), 107 (100), 103 (38), 94 (95). Дейтероацетондағы 1H-ЯМР – спектрлер (100 МГц, М.д.): 7.2 - 7.4 (м.5Ar - Н), 6.65 (д, 16 Гц, Н - 7), 6.4 (дт, 6 және 16 Гц, Н - 8), 4,3(м, 2Н - 9).</p>
<p>Кониферил спирті</p> 	<p>$C_{10}H_{12}O_3$ (M^+ 180), балқу темп. $74 - 75^\circ$. 100° - дағы масс- спектрлер: M^+180 (39), 167 (48), 163 (46), 152(4), 1151 (3), 149 (100), 137 (6), 136 (11), 124 (4), 117 (7), 115 (3), 91 (50).</p>
<p>Синап спирті</p> 	<p>$C_{10}H_{12}O_3$ (M^+ 210), балқу темп. $63 - 65^\circ$. 70° - дағы масс - спектрлер: M^+210 (4), 183 (7), 182 (100), 181(48), 168 (10), 167 (48), 155 (3), 154 (2), 153 (4), 152 (1), 151 (3),150(6), 149 (6).</p>
<p>Қабық қышқылы</p> 	<p>$C_9H_8O_2$ (M^+ 148), балқу темп. $119 - 121^\circ$ (хлф-гексан) <i>Populus L. aurifoliaopulus Ledeb.</i> (бүршіктері) <i>Salicaceae</i> тұқымдасы</p>

2 - кестенің жалғасы


1	2
<p>п – кумар қышқылы</p> 	<p>$C_9H_8O_3$ (M^+ 164), балқу темп. 207 – 209$^{\circ}$ (хлф-МеОН), λ_{max} 227, 295 пл. 309 нм. <i>Cerasusserrulata</i> Don. (гүлдері), <i>Rozaceae</i> тұқымдасы; <i>Rhodiolarasea</i> L. (биомасса); <i>Populusbalsamifera</i> L. (бүршіктері), <i>Salicaceae</i> тұқымдасы; <i>Eleutherococcussenticasus</i> (Rupr. EtMaxim.) Maxim. (тамырлары), <i>Araliaceae</i> тұқымдасы.</p>
<p>Кофеин қышқылы</p> 	<p>$C_9H_8O_4$ (M^+180), балқу темп. 218 – 222$^{\circ}$ (сулы ацетон), λ_{max} 247, 299 пл. 327 нм. 100° - дағы масс - спектрлер: M^+ 180/ 100, 163 (31), 152, 136. Дейтероацетондағы 1H - ЯМР – спектрлер: (100 МГц, м.ү.): 7.56 (д, 16 Гц, Н - 7), 7.2 (с, Н - 2), 7.14 (д, 9 Гц, Н - 6), 6,88 (д, 9 Гц, Н - 5), 6.28 (д, 16 Гц, Н - 8)</p>
<p>Ферул қышқылы</p> 	<p>$C_{10}H_{10}O_4$ (M^+194), балқу темп. 168 – 170$^{\circ}$(сулы спирт), λ_{max} 242, 292пл. 324нм. Дейтероацетондағы 1H - ЯМР – спектрлер: (100 МГц, м.ү.): 8.14 (д, 16 Гц, Н - 7), 7.68 (д, 2 Гц, Н - 6), 7.24 (дд, 2 және 9Гц, Н - 2), 6.98 (д, 9 Гц, Н - 5), 6.90 (д, 16 Гц, Р - 8), 3.80 (с, CH₃O).</p>
Болгар халық медицинасында *Verbascum* гүлдерінің ыстық инфузиясын (15 г 1 литр су үшін) ауырсынуды басатын, қабынуға қарсы, антиконвульсант ретінде ішеді. Кептірілген аюқұлақ тамырынан алынған қайнатпа (күніне 200 г дейін) диуретик ретінде қолданылады.

Неміс халық медицинасында шөптің қайнатпасы суыққа қарсы, Адыгей халық медицинасында аюқұлақ экстрактант, қабынуға қарсы, суыққа қарсы қолданылады [117].

Қазіргі ғылыми медицинада аюқұлақтың ыстық инфузиясы антипиретикалық, диафоретикалық белсенділік көрсетеді. Шөптің қайнатпасын себорея және бас терісі ауруларына қарсы қолданады. *Verbascum nigrum* сығындылары айқын диуретикалық қасиет көрсетеді. Өсімдік сығындыларының антиоксидантты және антихолинэстеразды қасиеттері анықталды [118-122].

Verbascum өсімдікдігі жапырақтарының метанол сығындылары азот оксидінің прекурсорларының синтезін тежейді, осылайша ацетилхолинді ортаның бұлшық еттерінің босаңсуына жол бермейді. Сапониндердің болуына байланысты өсімдік препараттары антитуморлық әсер көрсетеді [123].

Аюқұлақ текті өсімдіктердегі вербаскозидтер фенилэтаноидты гликозидтері антиоксидантты, қабынуға қарсы, ісікке қарсы, жараларды емдейтін, нейропротекторлық қасиеттерге ие. Аюқұлақтың барлық түрлерінің жараларды емдеу, антиульцерогендік қасиеттері бары анықталды [124-127].

2 ТӘЖІРИБЕЛІК БӨЛІМ

2.1 Шикізат және зерттеу материалдары

Зерттеуге Шығыс Қазақстанда өсетін Сабынкөкгүлділер (*Scrophulariaceae*) тұқымдасына жататын шығыс аюқұлақ (*Verbascum orientale*), ұзын аюқұлақ (*Verbascum densiflorum*), күлгін аюқұлақ (*Verbascum phoeniceum*) өсімдік түрлерінің жер үсті бөліктері шикізаты алынды. Өсімдіктер Шығыс Қазақстан аймағынан 2018-2019 жылдары үш вегетациялық кезеңде (бүршіктенуі – маусым, гүлденуі – шілде және жеміс беруі – тамыз-қыркүйек айларында) жиналған. Өсімдік шикізаттары бөлме температурасында бір апта кептіріліп, арнайы шарлы ұнтақтағышпен тиімді мөлшерге дейін ұнтақталады.

Жұмыс барысында қолданылған еріткіштер:

- экстракциялауға арналған: гексан, хлороформ, этилацетат, этанол, бутанол, метанол және су.

- ЯМР әдісінде қолданылатын еріткіштер: хлороформ, метанол, пиридин, диметилсульфоксид.

- ТСХ, ҚХ және ЖЭСХ әдісінде қолданылатын еріткіштер: гексан, хлороформ, дихлорметан, этилацетат, метанол және су.

Заттарды жеке күйде бөлуге арналған жұқа қабатты және бағаналы хроматография әдісінде пайдаланылған сорбенттер мен реагенттер:

- Silica gel «E. Merck, 230 - 400 мкм меш»

- Sephadex LH-20 «Lot 54HO151, Merck, Fluka»

- Al₂O₃

- MCI Gel CHP20P «Mitsubishi Chemical Corporation»

- ODS – 18 «Wako Pure Chemical Industries LTD»

- ЖҚХ пластинкалары «Alugram SILG\UV254 Macherey - Nagel»

- ЖҚХ пластинкалары «RP-18, F254S «Merck»»

Бүркеуіш реагенттері:

- 1%-ды AlCl₃ – тің этил спиртіндегі ерітіндісі: флавоноидтарды анықтау үшін қолданылды.

- Диазотталған n – нитроанилин (ДзПНА): 0,3% нитроанилин ерітіндісін 8% HCl – да ерітіп үстіне 5% NaNO₃–ның бірнеше тамшысын қосады. Ерітінді зерттеу жұмысын бастар алдында даярланады. Дайын ерітіндімен хроматограмманы бүркіді, бөлме температурасында кептіреді және 20%–дық сода ерітіндісімен өңдейді. Фенолқышқылдарды анықтауда қолдануға болады.

- o – толуидин айқындағышы: 4г салицил қышқылы мен 0,5 мл толуилинді концентрациясы 96% - дық көлемі 10 мл этил спиртінде ерітеді. Хроматограмманы осы ерітіндімен өңдеп, кептіріп, 105⁰С 5 мин қыздырады. Глюкоза, галактоза - көк, арабиноза, ксилоза қызыл, рамноза - қоңыр түс береді.

- Нингдрин реактиві: нингдриннің ацетондағы 1 % - дық ерітіндісі. Амин қышқылдарын анықтауда қолданылады.

- Ванилин реактиві: HCl тұз қышқылында ерітілген ванилиннің 1 % - дық ерітіндісі. Осы ерітіндімен флавандарды айқындайды.

- Аммиак булары (NH_3): аммиак (NH_3) буын флавоноидтарды анықтауда қолданады.
- 10%, 20% күкірт қышқылы H_2SO_4 терпендерді, флавоноидтарды анықтайды.
- Драгендорф реактивімен алкалоидтарды анықтайды.
- 60% - дық күкірт қышқылындағы церий сульфаты $\text{Ce}(\text{SO}_4)_2$.

2.2 Зерттеу әдістері

2.2.1 Қағазды және жұқа қабатты хроматография

Экстракттердің және жеке қосылыстардың сапалық құрамын зерттеу үшін қағаз хроматографиясы («Watman S2 маркалы қағаз, Германия») және жұқа қабатты хроматография («Silicagel - Alugram 60 UV254, Merck») қолданылады.

Фракциялар мен заттарды экстракт құрамынан бөлу үшін қолданылатын еріткіштер жүйесі.

Қағазды хроматография (ҚХ):

- *n*-Бутанол: сірке қышқылы: су (БСС) (40:12,5:29)
- 6%-ды сірке қышқылы
- *n* - Бутанол: сірке қышқылы: су (4:1:5) + 0.01 гнингидрин
- *n* - Бутанол: сірке қышқылы: су (4:1:5)

Жұқа қабатты хроматография:

- *n* - Гексан: этилацетат (9:1, 8:2, 7:3)
- Дихлорметан: метанол (9:1, 8:2, 7:3, 6:4, 1:1)
- Хлороформ: метанол: су (65:35:5)
- Хлороформ: метанол (9:1, 1:1)
- Ацетон: су (9:1)
- Этилацетат: метанол: (9:1) RP - 18 жұқа қабатты хроматография үшін:
- Метанол: су (9:1, 1:1)

2.2.2 Жоғарыэффektivті сұйықтық хроматографиясы

Өсімдік шикізатынан құрылымы ұқсас биологиялық белсенді кешенді немесе дара заттарды тез және і бөлу үшін препаративті ЖЭСХ әдісі қолданылды. Бұл әдіс қозғалмалы және қозғалмайтын фаза типіне байланысты NP-HPLC (нормалды-фазалы) мен RP-HPLC (кері-айналмалы-фазалы) хроматография болып бөлінеді. Силикагель Sil-D-60-10 (250 × 20 нм × 5 мкм) бағанасында CHCl_3 -MeOH (9:1) еріткіштер жүйесінде нормалды-фазалы препаративті ЖЭСХ (preparative recycling JAI-LC-908 HPLC, Japan Analytical Industry Co., Токио, Жапония) көмегімен заттарды соңғы тазалау жүргізілді.

Ал ODS-H80 (150 × 20 нм × 5 мкм) бағанасында MeOH-H₂O (1:1) ерітінділер жүйелерінде кері-айналмалы-фазалы препаративті ЖЭСХ (preparative recycling HPLC, Токио, Жапония) көмегімен полярлығы жоғары жеке заттар бөлінді. Hewlett-Packard 1100 Series (Perlan Technologies, АҚШ) жүйесінде, төрттік сораппен (HP 1311 A), вакуумды дегазатор (HP 1322 A), УК-

көрінетін детектор (HP 1314 A) және 20 мкл инжектор үлгісімен (Rheodyne 7725) қамтылған кері айналмалы-фазалы ЖЭСХ (RP-HPLC) жүргізілді. Қосылыстар ODS-H80 (150×20мм×5 мкм) өлшемде бөлініп, ақпаратты шығаратын интегратор -HP 3396 В көмегімен 4мм мин⁻¹ жылдамдығында (диаграмма) берілді. Дайындалған фракцияның үлгісін инжектор арқылы хроматографиялық бағананың жоғарғы жағынан енгізеді. Сораптың көмегімен талданып отырған қоспа элюент арқылы бағаналы хроматографияда жуылып, зерттеліп отырған қоспа жеке заттарға бөлінді. Арнайы компоненттері бар элюат бағанадан шығып, УК-айқындағышында детекторланып, тіркелді.

2.2.3 Масс - спектрометрия (EI/MS, ESI/MS және FAB/MS)

Электронды ионизациялы масс-спектрометрі (EI/MS) 70 эВ кезінде электронды иондау режимінде жұмыс істеді. Бастапқы температурасы 240°С және гелий (тазалығы ≥ 99,999%) 1 мл/мин жылдамдықта тасымалдаушы газ ретінде пайдаланылып, инъекция көлемі 2 мкл болады. Ион көзінің температурасы 250°С және электронды көбейткіш 2100 В (1 × 10⁷ күшейту үшін автоматты реттеу) жұмыс істейді.

Электроспрей ионизациясының массалық спектрлері (ESI/MS) ион ұстағышы бар AmazonX масс-спектрометрінде (Bruker Daltonik GmbH, Германия) алынды. Өлшеу оң (және/немесе теріс) иондарды тіркеу режимінде m/z диапазонында 70-тен 3000-ға дейін жүргізіледі. Атомизатор капиллярындағы кернеу 3500 В. Температурасы 250°С және шығыны 10 л·мин⁻¹ болатын кептіру газы ретінде азот пайдаланылады. Элюент ретінде ағыс жылдамдығы 0,2 мл/мин метанол/су (70:30) ерітіндісі (Agilent 1260 хроматографы, АҚШ) пайдаланылады. Талданатын үлгі метанолда 10⁻⁶ г/л концентрацияға дейін ерітіледі. Үлгі Rheodyne 7725 инжекторы (Rheodyne, АҚШ) арқылы ағынға енгізіледі. Инъекциялық үлгінің көлемі 20 мкл. Деректер TrapControl 7.0 бағдарламалық құралының көмегімен жиналады (Bruker Daltonik GmbH, Германия). Деректер Data Analysis 4.0 SP4 бағдарламасының көмегімен өңделеді (Bruker Daltonik GmbH, Германия).

Жылдам атомды бомбалаудың масс-спектрометриясы (FAB/MS) компоненттерінің кең ауқымын анықтауға мүмкіндік беріп, жоғары энергиялы (2-12 кВ) бастапқы атом сәулесімен бетті бомбалауды қамтиды. Бұл әдіс статикалық екіншілік масс-спектрометрияның (SSIMS) өзгертілген түрі болып табылады. FAB әдісі оқшаулағыш үлгілерде зарядтың жиналуын болдырмайды, бұл түйіршік, кристал немесе ұнтақ түріндегі қатты қосылыстарды тікелей талдауға мүмкіндік береді. Екінші реттік эмиссиялық масс-спектрометрияның маңызды ерекшеліктерінің бірі m/z (M + 1) протондалған иондарды және m/z (M - 1) протондалған иондарды (M = молекулалық масса) бақылау болып табылады.

2.2.4 Газды хроматография - масс - спектрометрия

Қазіргі уақытта эфир майларын зерттеудің негізгі әдістері болып гибриді газ - сұйықты хроматография және масс - спектрометрия табылады. Бұл әдіс жеке заттарды алдын ала бөліп алуды және басқа спектрлі әдістер мәліметтерімен салыстыруды талап етпейді.

Хромато - масс - спектрометрия әдісімен компоненттерді идентификациялауда бағанадан шығатын заттар сутектің жанып тұрған жалынына емес, стандартты энергиясы болатын электрондардың ағынына түседі. Газ қоспасы масс - детекторге түсер алдында газ - тасымалдағыштың көп бөлігі алынып тасталады, себебі масс - спектрометр төмен қысымда жұмыс жасайды. Оны жою үшін газ - тасымалдаушы және сынама қоспасы өзара байланысқан екі сатыдан тұратын молекулалық сепараторға түседі. Әр саты вакуумды камерадан және екі шүмектен тұрады. Сепараторда жеңілрек газ - тасымалдағыш молекуласы сорылады және зерттеуге алынған үлгінің ауыр молекулалары сепараторда қалады. Масс – спектрометрге түскен зерттеуге алынған үлгі молекуласы электрондармен атқылау нәтижесінде, бір электронын жоғалтады. Иондану энергиясы атқылаушы электронның энергиясынан үлкен болғанда түзілетін ионның энергиясы да үлкен болып, молекулалық ионның ыдырауын тудырады.


Терпеноидтар электронды соққылар әсерінен бөлшектенуге ұшырайды, ол өз кезегінде салыстырмалы қарқындылық шыңмен сипатталатын (I салыстырмалы) массалық сандары бірдей иондарға (m/z) әкеледі. Мұндай монотерпендердің масс - спектрдегі орналасуы иондардың молекулалық шыңында (M^+) зарядтардың локалдану орнының болмауынан туындайды, бұл циклдегі энергетикалық тұрғыдан қос байланыстың ығысуын болжайды, оның орташаланған құрылымына әкеледі, ол өз кезегінде бөлшектенуге ұлғасады. Басқа деректерге сүйенсек, изомерлік монотерпендердің негізгі өзгерген иондарының қарқындылық айырмашылығы молекуланың бастапқы көмірсутек қаңқасының қайта құрылуына байланысты, оған белгілі бір энергиялық шығын жұмсалуды және M^+ «өмір сүру уақытына» карағанда стереоизомерлер үшін ұзақ уақыт жұмсалуды мүмкін [128].

Электрондық иондану масс - спектрлері бар NIST мәліметтер базасын қолдана отырып сарапталатын компоненттерді жоғары дәлдікпен сәйкестендіріп анықтауға болады. Алынған масс - спектрінің сапасы масс ұзақтығын сканерлеу уақытының ұзақтылығына байланысты. Хромато - массалық талдау үшін қосылыстардың сенімді масс - спектрлерін ала алатын, жылдам сканерлейтін мүмкіндігі бар ең қолайлы аспаптар қажет.

Өсімдіктер эфир майлары үлгілерін дайындау үшін сыйымдылығы 25 мл өлшеуіш ыдыста 15 мл гексанмен зерттелетін эфир майын ерітіп, жақсылап араластырып мойнындағы белгіге дейін толтырылды.


Хроматография жағдайы: RestekRxi®-1 ms 0,25 мм x 30м x 0,25 мкм, сынама көлемі: 1.0 мкл, газ - тасымалдағыш – гелий, газ - тасымалдағыштың жылдамдығы 1 мл/мин, ағын бөлігі 1:25, бағана температурасы 45°C (2 мин), көтерілу 1,5 C / мин 200°C дейін, одан әрі 15 C / мин 280°C дейін, 10 мин бойы

280°C-да изотермиялық режим болады, буландырғыш температурасы 280°C, масс - спектрометриялық детектор: $t = 240\text{ }^\circ\text{C}$, $EI^+ = 70\text{ eV}$, сканерлеу уақыты 4 - 120 мин, иондардың сканерлену режимі 39 - 500 m/z . Компоненттердің пайыздық құрамы иондардың жалпы хроматограммаларының шың аймағына қарай автоматты түрде анықталды. Компоненттер масс - спектр мен ұсталу уақыты арқылы NIST қолдана отырып сәйкестендірілді. Компоненттердің ұсталу уақыты $C_8 - C_{32}$ қаныққан көмірсутектермен салыстырмалы есептелді [129, 130] (23-сурет).




Сурет 23 – Газ хроматографиясымен комбинацияланған масс - спектрометрінің сызбанұсқасы.

Зерттелетін эфир майының компоненттік құрамы масс - спектрометрлі детектрлі Clarus-SQ 8 (PerkinElmer) газхроматографта анықталды (24, 25 - сурет).



Сурет 24 – Барлық иондар бойынша хроматограмманың үлгісі.



Сурет 25 – Кейбір заттардың ұсталу уақытымен көрсетілген спектрлері



Сурет 26 – Газ-хроматография- масс- спектроскопиясы (GC-MS).

2.2.5 Құрылымдық талдау

Өсімдік шикізатынан алынған биологиялық белсенді заттардың (ББЗ) құрылысы стандартты үлгілермен, химиялық (қышқылдық гидролиз, сілтілік гидролиз, ферментті гидролиз) және заманауи спектрлік әдістермен: (УК-, ИҚ)-спектроскопия, бір өлшемді (^1H және ^{13}C ЯМР), екі өлшемді COSY, NOESY, HSQC, HMBC, DEPT және масс-спектрометрия (EI-MS, ESI-MS, FAB-MS) дәлелденді. Зерттеу жұмысы С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің химия кафедрасы және Ұжымдық қолданыстағы ұлттық ғылыми зертханасында жасалды.

^1H ЯМР және ^{13}C ЯМР - спектрлері «Bruker Avance AV» 300, 400, 500, 600, 800 МГц құрылысында анықталды. Химиялық δ ығысулары миллиондық үлеспен (м.ү.) және константалары (J) герцпен (Гц) берілген.

EI-MS, ESI-MS және FAB-MS масс - спектрлері «JEOL JMS 600H Finnigan MAT 312» спектрометрлерінде анықталды.

ИҚ (инфрақызыл) спектрлері «Vektor – 22» (KBr таблеткалары) спектрофотометрде өлшенді.

УК (ультрақұлгін) спектрі «HitachiU – 3200» (Жапония) мен СФ – 26 «ЛОМО» спектрометрлерінде тіркелді.

Балқу температурасы «Buchi M – 560» құрылғысында, оптикалық айналу бұрышы «JASCO DIP – 360» поляриметрінде өлшенді.

2.2.6 Параллель тәжірибелердің нәтижелерін статистикалық өңдеу

Эксперимент барысында алынған мәліметтердің дәлдігін арттыру үшін оларды (3), (4), (5), формулаларға сәйкес статистикалық өңдеу жүргізілді.

1. Өлшенетін шаманың орташа мәні:

$$\bar{y} = \frac{1}{n} \sum_{i=1}^n y_i \quad (3)$$

Мұндағы, n – өлшеу саны;

y_i – i -ші өлшем нәтижесі;

i – өлшеудің реттік нөмірі.

2. Әрбір өлшем үшін орташа мәннен ауытқу:

$$y = \bar{y} \pm t(\alpha, n) * \bar{\delta} \quad (4)$$

3. Орташа квадраттық қатені есептеу:

$$\delta = \sqrt{\frac{\sum_{i=1}^n (y_i - \bar{y})^2}{n(n-1)}} \quad (5)$$

$\alpha = 0,95$ сенімділігі үшін үш қайталанудың Стьюденттің коэффициенті 4.303 құрайды. Тәжірибені орындауда қатар жүретін қателіктерді талдау ең кіші квадраттар әдісін қолдана отырып жүргізілді. Нәтижелер «орташа және \pm стандартты орташа қателік» түрінде көрсетілген [131].

2.3 Биологиялық белсенді заттарға сандық талдау жасау

ҚР Мемлекеттік Фармакопеясының I басылымында берілген әдістемесі бойынша өсімдік шикізаттарының шынайылық көрсеткіштері (ылғалдылық, күлділік, экстрактивті заттардың мөлшері) және шикізат құрамындағы биологиялық белсенді заттардың сандық мөлшері анықталды [132 - 134].

Шикізаттың ылғалдылығын анықтау

1г ұнтақталған шикізат алдын ала өлшенген бюкске салынып, тұрақты массаға дейін 100-105°C температурада кептіргіш шкафта кептірілді. Шикізаттың ылғалдылығы төмендегі формула бойынша есептелді [135]:

$$X = \frac{(M - M_1)}{M} \times 100 \quad (6)$$

мұндағы: M - шикізаттың салмағы, г;
 M_1 - кептірілген шикізаттың салмағы, г.

Шикізаттағы күлділікті анықтау

5 г шикізатты (нақты өлшемін) тұрақты массаға келтірілген, дәл өлшенген фарфор тигеліне салады. Тигелді ақырындап шикізат жанғанша, төмен температурада қыздырады. Төмен температурада барлық бөлшектер жанып болғаннан кейін жоғары температурада (500°C шамасында) тұрақты массаға дейін күйдіреді. Күйдіріп болғаннан соң тигелді 40 минутқа эксикаторда суытып, өлшейді. Күлдің шығымын есептеу формуласы төменде көрсетілген:

$$X = \frac{M_k \times 100 \times 100}{M_1 \times (100 - W)} \quad (7)$$

мұндағы: M_k – күлдің массасы, г;
 M_1 - үлгінің массасы, г;
 W - кептіру кезіндегі шикізаттың жоғалған массасы, %.

Шикізат күлінің құрамындағы макро- және микроэлементтерді анықтау

Өсімдік шикізаты күлінің құрамындағы макро- және микроэлементтердің сандық көрсеткіштерін анықтау үшін, алдымен күл алынады, күлдің қалдықтары 1:2 қатынастағы концентрлі HNO_3 мен концентрлі HCl (патша сұйығында) өңделеді, одан кейін ерітіндіні су моншасында құрғағанша буландырады, қалдық 0,1 н HNO_3 - мен өңделіп 10 мл өлшеуіш колбаға құйылады. Егер ерітіндіде ауыр металдар болса, ақ тұнба түзіледі. Өсімдікте микроэлементтердің аз мөлшерде болуы әртүрлі аурулардан сақтайды және ферменттердің белсенділігін арттырады [136-138].

2.3.1 Шикізаттағы экстрактивті заттарды анықтау

Арнайы шарлы ұнтақтағышта ұнтақталған 0,2 г өсімдік шикізаты сыйымдылығы 50 мл –лік колбаға салынып, оның үстіне 30 мл 70% - ды этил спиртінің ерітіндісін құйып, колбаның аузын тығынмен жауып, өлшеп 1 сағатқа қалдырылды. Ары қарай колбаны кері тоңазытқышқа жалғап 2 сағатқа су моншасында қыздырылды. Салқындаған колбаны бастапқыда қолданған тығынмен жауып, таразыда өлшеп, ерітіндімен толтырылды. Колбаны жақсылап араластырып, ішіндегі зат 50 мл - лік колбаға сүзгі қағаздың көмегімен сүзіп алынды. 15 мл фильтратты алдын ала құрғатылған фарфор табакшаға түтікпен құйып, су моншасында буландырды. Фарфор табакшадағы қалдықты 100-105°C температурада (тұрақты массаға дейін) кептірді. Алынған экстрактивті заттардың пайыздық мөлшерін төменде көрсетілген формуламен есептелді:

$$X = \frac{M \times 200 \times 100}{M_1 \times (100 - W)} \quad (8)$$

мұндағы, M_k - күлдің массасы, г;

M_1 - үлгінің массасы, г;

W - кептіру кезіндегі шикізаттың жоғалу массасы, %

2.3.2 Флаваноидтардың сандық мөлшерін анықтау

Сыйымдылығы 150 мл - лік тығыз жабылатын колбаға 1 г өсімдік шикізатын салып, үстіне 1% - ды HCl тұз қышқылы және 90% - дық 30мл этанол құйып зерттелетін ерітінді дайындалды. Зерттелетін үлгісі бар колбаны кері тоңазытқышқа қосып, су моншасында 30 мин қыздырады. Бөлме температурасына дейін суытылған колбадағы ерітіндіні сыйымдылығы 100 мл – лік колбаға сүзгі қағазы көмегімен сүзеді. Экстракциялау жоғарыда аталған әдіспен қайталанады. Алынған затты жоғарыда қолданылған сүзгі қағазы арқылы колбаға сүзіп, 90%-дық этанолмен жуады, сүзіп алған ерітіндінің көлемін 90% - дық этанолмен колба мойнындағы белгіге дейін толтырып, осылайша А ерітіндісі даярланды (ерітінді А).

Дайындалған А ертіндісінің 2мл мен 1мл 1% - дық алюминий хлориді ерітіндісін сыйымдылығы 25мл –лік колбаға құйып, ерітіндінің көлемі колба мойнындағы белгіге дейін 95% - дық этанолмен толтырылды. Дайындалған ерітінді бөлме температурасында 20 минутқа қалдырылып, уақыт өткеннен кейін оны қалыңдығы 10 мм – лік кюветаға құйып, оптикалық тығыздығы 430 нм толқын ұзындығында спектрофотометрде өлшенді. Сыйымдылығы 25 мл – лік колбаға 2 мл А ертіндісін құйып, ерітіндінің көлемін 95% -дық этанолмен колбаның мойнындағы белгіге дейін жеткізіп, салыстырмалы ерітінді ретінде қолданады. Флаваноидтардың мөлшері абсолютті құрғақ шикізаттағы кверцетинге шаққандағы пайыздық мөлшері бойынша келесі формуламен анықталды:

$$X = \frac{D \times 25 \times 100 \times 100 \times 100}{764.6 \times m \times 2 \times (100 - W)} \quad (9)$$

мұндағы, D - зерттелетін ертіндінің оптикалық тығыздығы;

764,6 - 430нм-дегі кверцетиннің $AlCl_3$ - мен кешенінің меншікті жұтылу көрсеткіші;

m - шикізаттың массасы, г;

W - шикізаттың ылғалдылығы, %.

2.3.3 Фенилпропаноидтардың сандық мөлшерін анықтау

Препарат құрамындағы цикорий қышқылы бойынша фенилпропаноидтардың мөлшері 0,2% - дан кем болмауы керек.

1,0 мл препаратты сыйымдылығы 50 мл – лік өлшеуіш колбаға құйып, 20 мл 40% спиртте ерітіп, ерітіндінің көлемін сол еріткішпен белгіге дейін келтіріп, жақсылап араластырылды.

10,0 мл алынған ерітіндіні сыйымдылығы 50 мл өлшеуіш колбаға құйып, ерітіндінің көлемін мойнындағы белгіге дейін 40% - дық этанолмен жеткізілді және араластырылды (зерттелетін ерітіндісі).

Ерітіндінің оптикалық тығыздығы спектрофотометрде 328 нм толқын ұзындығында қалыңдығы 10 мм болатын кюветада өлшенді. Салыстырмалы ерітінді ретінде 40% - ды этил спирті пайдаланылды.

Фенилпропаноидтардың мөлшері цикорий қышқылына есептегендегі пайыздық құрамын төменде көрсетілген формуламен анықталды:

$$X = \frac{A \cdot 50 \cdot 50}{A_{1\text{см}}^{1\%} \cdot V \cdot 10} = \frac{A \cdot 250}{A_{1\text{см}}^{1\%} \cdot V}, \quad (10)$$

мұндағы, A – зерттелетін ерітіндінің оптикалық тығыздығы;

$A_{1\text{см}}^{1\%}$ – 328 нм толқын ұзындығындағы цикорий қышқылы ерітіндісінің меншікті сіңіру көрсеткіші, 782-ге тең;

V – талдауға алынған препараттың көлемі, мл.

2.3.4 Өсімдік шикізаты құрамындағы май қышқылдарын талдау

Verbascum текті үш өсімдік түрлерінің жер үсті бөліктері жиналып, кептіріліп, ұнтақталған 1 г шикізаты 5 мин ішінде хлороформ-метанол қоспасымен (2:1) экстракцияланды, сығындылар қағаз фильтрі арқылы сүзіліп, соңынан еріткіш буландырылды.

Алынған сығындыларға 10 мл метанол және 2-3 тамшы ацетилхлорид қосылды, одан кейін 60-70°C температурада 30 минут ішінде арнайы жүйеде ацетилдеу жүргізілді. Метанол роторлы буландырғыш көмегімен жойылып, ал үлгілер 5 мл гексанмен экстракцияланды және 1 сағат ішінде Carlo-Erba-420 газ хроматографында (Италия) талданды [139].

Хроматографияны жүргізу шарттары:

1. Инжектор температурасы – 188°C;
2. Детектор температурасы – 230° C;
3. Пештің температурасы – 188° C;
4. Талдау жасау уақыты – 1 сағат.

Компоненттердің мөлшерін анықтау үшін ішкі нормалау әдісі пайдаланылды, оған сәйкес компоненттердің концентрациясын есептеу формуласы:

$$C_i = \frac{S_i}{\sum_{i=1}^n S_i} \times 100\% \quad (11)$$

мұндағы, S_i - компонент шыңының ауданы.

2.3.5 Өсімдік шикізаты құрамындағы амин қышқылдарын талдау

1 г шикізат 5 мл 6Н HCl 105°C температурада аргонда дәнекерленген ампулада 24 сағат гидролизденді. Гидролизат 40°C температурада вакуумды роторда буландырылды. Алынған тұнба 5 мл 5% сульфосалицил қышқылы ерітіндісінде ерітілді. 15 минуттан кейін тұнба бетіндегі сұйықтық бір секунд ішінде 1 тамшы жылдамдықта Дауск 50 4-8, 200-4000 торлы ионалмасу бағаналы хроматография арқылы өткізілді. Біріншіден, шайыр 1-2 мл деионизацияланған сумен және 2 мл 0,5Н сірке қышқылының ерітіндісімен, содан кейін тағы да бейтарап рН дейін деионизацияланған сумен жуылды. Аминқышқылдарды элюирлеу үшін 3 мл 6Н NH₄OH ерітіндісі баған арқылы секундына 2 тамшы жылдамдықпен өткізілді. Элюат бағананы бейтарап орта рН=7 дейін жуып алу үшін пайдаланылған деионизацияланған сумен бірге колбаға жиналды. Колбадағы сұйықтық 50-60°C температурада 1 атм қысыммен роторлы буландырғышта құрғағанға дейін буландырылды. Содан кейін колбаға жаңадан дайындалған 1 тамшы SnCl₂, 2,2-диметоксипропанның 1 тамшысын және 1-2 мл қаныққан HCl, пропанол қосып, 110°C 20 минут қыздырылып, вакуумды роторда буландырылды.


Колбаға 1 мл жаңа дайындалған ацилирлеу реагентін (1 көлем сірке ангидридi, 2 көлем триэтиламин, 5 көлем ацетон) қосып, 60°C температурада 1,5-2 минут ішінде қыздырылды және үлгіні құрғағанша буландырып, 2 мл этилацетатты және 1 мл қаныққан NaCl ерітіндісін қосылды. Колбадағы сұйықтық мұқият араластырылды және пайда болған екі қабаттың жоғарғы (этилацетат) қабаты газ хроматографиялық талдау үшін алынып, бөлу Carlo-Erba-420 газ хроматографында (Италия) жүргізілді.

Бағананың температурасы 250°C-ге жеткенде, температура барлық аминқышқылдар толық алынғанша тұрақты болды [140].

2.4 Өсімдік шикізатын экстракциялау және биологиялық белсенді заттар алу

Биологиялық белсенді заттарды циркуляциялық экстракциялау үшін Сокслет экстракторы (Soxhlet құрылғысы) қолданылады. Бұл еріткіштің көмегімен қатты заттар құрамынан еритін компоненттерді бөлу үшін зертханалық тәжірибеде көп қолданылатын құралдардың бірі. Сокслет құралы органикалық еріткіштермен қатты заттарды, шайырларды, майларды және өсімдік шикізаттарының өнімдерін алуға арналған. Құрылғының жұмыс жасау принципі: алынған заттың үлгісін сүзгі қағазына салып, саптамаға айдап, еріткіш сифон түтігінен колбаға тамшылай бастағанша құйылады. Еріткіш толығымен құйылғаннан кейін оны қайтадан қосады, содан кейін сумен салқындатылатын рефлюкс конденсаторын қосады, колбаны су моншасына батырып, қыздырады. Жылыту ұзақтығы эмпирикалық түрде белгіленеді. Егер экстракцияланатын зат түсті болса, онда экстракцияның соңы саптамадағы сұйықтық түссіз болу сәтімен анықталады. Құрылғылар конустық секциялар арқылы бір - бірімен байланысқан тоңазытқыштан, экстрактордан және жалпақ табанды колбадан тұрады.

Зертханаларда құрғақ өнімдерден жеке затты немесе белгілі бір қоспаны (экстракт) бөлу үшін Сокслет құрылғысындағы циркуляциялық экстракциялау әдісі кеңінен қолданылады. Құрылғы сызбанұсқасы 27 - суретте көрсетілген.



Сурет 27 – Сокслет құрылғысы: 1 - магнитті араластырғыш якорь немесе қайнату қазаны; 2 - экстрагентті қайнатуға арналған колба; 3 - еріткіш буларына арналған түтік; 4 - кеуекті материалдан жасалған картридж; 5 - құрғақ қоспа; 6 - сифон; 7 - сифонның шүмегі; 8 – тегістеу адаптері; 9 - кері тоңазытқыш; 10, 11 - суық суға арналған құбырлар; 12 – бөлгіш сүзгіші; 13- шартты экстракттар.

Ұнтақталған *Verbascum orientale L.*, *Verbascum densiflorum L.* өсімдіктерінің жер үсті бөлігі шикізаты шикізат: экстрагенттің 1:9 қатынасында (1кг) бөлме температурасында 80% этил спиртімен 3 рет (3 күннен) және сулы спиртпен өңделіп сулы - спиртті сығынды алынды. Сығынды гексан, хлороформ, этилацетат және бутанол еріткіштерімен экстракцияланды. *Verbascum* өсімдік түрінің гександы, хлороформды, этилацетатты және бутанолды экстрактісіне ҚХ және ЖҚХ - да сапалық талдау жасалады, сонымен бірге силикагель адсорбентіне сіңіріп, бағаналы хроматография, препаратты жұқа қабатты хроматография және препаративті ЖЭСХ (NP-HPLC және RP-HPLC) әдістерімен биологиялық белсенді заттар бөлінді.

Verbascum текті өсімдіктерден биологиялық белсенді заттар кешенін алу үшін өсімдік шикізатынан Сокслет құрылғысындағы циркуляциялық экстракциялау әдісі қолданылды. Алынған экстракт 40 – 45°С температурада концентрленіп, гексан, хлороформ, этилацетат және н - бутанолмен «сұйықтық - сұйықтық» экстракцияланып, 4 жұмысшы сығынды алынды. Айқындағыш церий сульфатының көмегімен жұқа қабатты хроматографияда сығындылардан


әр топтың өкілдері анықталды. Бағаналы хроматографияда жеке заттарды бөлу үшін сорбенттер ретінде силикагель, сефадекс LH – 20, MCI CHP20P гель, RP – 18 және препаративті ЖЭСХ (recycling preparative HPLC (NP-HPLC (нормалды-фазалы) мен RP-HPLC (кері-айналмалы-фазалы) қолданылды (28-сурет).



Сурет 28 – *Verbascum* өсімдігінен бағаналы хроматография арқылы сығынды алу және зат бөлу

2.4.1 *Verbascum orientale L.* шикізатынан мацерациялық экстракциялау нәтижесінде алынған фитопрепараттардан жеке заттар бөлу

Өсімдік шикізаты жер үсті бөлігінің (1 кг) 80% - дық сулы спиртпен, гидромодулы 1:9, бөлме температурасында 72 сағат қарапайым мацерация әдісімен экстракцияланды. Бөлініп алынған сығынды $t=40-45^{\circ}\text{C}$ роторлы буландырғышта (Eyela N-21, Токио, Жапония) қоюландырылып 80% - ды сулы - спиртті сығынды (312,2 г) бөлінді. Бөлінген сығынды полярлылық қасиеттерінің өсу ретіне байланысты гексан, хлороформ, этилацетат және н-бутанол еріткіштерімен өңделіп, сәйкесінше төрт жұмысшы сығынды: гександы – 24.67 г, хлороформды – 14,5 г, этилацетатты – 31.89 г, н - бутанолды – 65.93 г алынды. *Verbascum* өсімдігін қарапайым мацерация әдісімен экстракциялау сызбанұсқасы 29 - суретте көрсетілген.



Сурет 29 – *Verbascum* өсімдігінен классикалық мацерация әдісімен биологиялық белсенді заттарды бөлудің оңтайландырған сызбанұсқасы

Әдеби деректерге талдау жасалып, полярлы заттар көп шоғырланатын сығындылармен тереңірек зерттеу жұмысы жалғасты. Нәтижесінде алынған төрт жұмысшы сығындылар жұқа қабатты хроматография (ЖҚХ) әдісімен, бөлінген топтық (кластардың) құрамы арнайы айқындағыштар (УК-жарығы, $\text{Ce}(\text{SO}_4)_2$) көмегімен анықталды. Бөлінген гексан сығындысы газ – хроматографиялы – масс - спектрометрия әдісімен зерттеліп, гексан сығындысы құрамынан липофилді заттар анықталды. Зерттеу жұмысы Perkin Elmer Clarus 600 ГХ / МС қондырғысында жүргізіліп, ұсталу уақыты 4 мин пен 120 мин аралығында 43 зат жұтылып, 41-і NIST мәліметтер базасымен салыстырып сәйкестендірілді. Зерттеу нәтижесі, бөлінген заттардың басым бөлігін органикалық қышқылдар тобының өкілдері құрайтынын көрсетті (13- кестеде берілген).

Этилацетатты және бутанолды сығындылар иммунтүрлендіргіш (қабынуға қарсы), бактерияға және тотығуға қарсы белсенділік көрсетті. Сондықтан, жұмыс осы сығындымен ары қарай жалғасып қағаз хроматографиясы мен жұқа қабатты хроматографияда ультракүлгін жарығын, церий сульфатын, ($\text{Ce}(\text{SO}_4)_2$), аммиак буын (NH_3), diazотталған п – нитроанилин (ДзПНА), темір аммоний ашудасын (ЖАК) пайдалана отырып, құрамында полифенолдардың бар екендігі анықталды. Биіктігі 88 см, диаметрі 8 см-лік бағаналы хроматографияда силикагель сорбенті экстракт құрамынан биологиялық белсенді заттарды бөлу үшін қолданылды. Этилацетатты экстрактіні бағанаға отырғызып, полярлылығының өсу ретіне қарай хлороформнан бастап, біртіндеп метанолдың (соңына қарай таза метанол алынды) мөлшерін арттыра отырып жуылды. Осылайша жиыны 354 фракция жиналып, жұқа қабатты хроматографияда (ЖҚХ) анықталып, R_f мәндері бірдей фракциялар біріктірілді. Нәтижесінде үш фракция: VO-1 (383 мг), VO-2 (298 мг), VO-3 (1.3 г) алынды.

Бағаналы хроматографияда (биіктігі 65 см, диаметрі 4 см) сорбент ретінде-силикагель алынып, VO-1 фракциясы қатынасы 9:1 болатын хлороформ:метанол еріткіштер жүйесімен жуылып, жиыны 103 фракция алынды. Алынған 68 - 74 фракциялар біріктіріліп, препаративті жоғарыэффektivті сұйықтық хроматографиясы (ЖЭСХ) кері-айналмалы фазалы (RP-HPLC) ODS – H80 сорбентті бағанасында 1:1 қатынастағы метанол:су еріткіштер жүйесімен жуылып, VZ-1 (68 мг) заты (1 – зат) алынды.

VO - 2 фракциясынан Sephadex LH–20 сорбентімен хроматографияланып және элюент таза 100 % метанолды қолданып ZH-3 (46 мг) зат (2 - зат) бөлінді.

VO - 3 фракциясын Sephadex LH–20 сорбентімен, элюент ретінде хлороформ мен этилацетат 8:2 қатынасында бағананы жуу барысында 87 фракция бөлініп, R_f мәндері ұқсас фракцияларды біріктіріліп, нәтижесінде 23-40 фракция құрамдары қайта хроматографияланды. Фракцияны Sephadex LH–20 сорбентті бағанада сынап, 1:1 қатынастағы метанол:су еріткіштер жүйесімен тазалап, ZH - 20 заты 21мг (3 - зат) алынды.

Өсімдік шикізатының бутанол сығындысы (65,93 г) силикагельді сорбентті бағаналы (биіктігі 88 см, диаметрі 6см) хроматографияда хлороформ:метанол еріткіштер жүйесінде, полярлы еріткіштер мөлшерін арттыра отырып жуылды.

Заттарды бөлу нәтижесінде барлығы 357 фракция алынды. Ұқсас фракциялар біріктіріліп, нәтижесінде VO - 4 (1.2 г) және VO - 5 (987 мг) фракциялар біріктіріліп талданды.

VO - 4 фракциясын Silica gel сорбенті толтырылған бағанада метанолмен элюирлеп, осы бағанадан алынған 108 фракцияларды біріктіріп, 29 - 44 фракцияларын біріктіріп препаративті ЖЭСХ көмегімен силикагельді сорбентті (Sil-D-60-10 (250 × 20 нм × 5 мкм) бағанада 9.5:1 қатынастағы хлороформ:метанол еріткіштер жүйесімен жуып (28 мг) OM – 4 (4 - зат) және 69 - 81 фракциялардан 5 (37 мг) OM - 5 (5 - зат) заттары алынды.

Полимерлі негізді MCI гель CNP20P сорбентті бағанада VO - 5 фракциясы 9:1, 8:2, 7:3, 6:4, 1:1 (хлороформ:этилацетат) қатынастағы еріткіштер жүйесімен жуылып 13 фракция жиналды. ЖКХ – да ұқсас Rf мәндері бір фракцияға біріктіріліп, 1:1 қатынастағы метанол:су еріткіштер жүйесінде жуылып Zhav - 2a зат 34 мг (6 - зат) жеке күйде бөлінді.

2.4.2 *Verbascum densiflorum* L. шикізатынан Сокслет аппаратында циркуляциялық экстракциялау нәтижесінде алынған фитопрепараттардан жеке заттар бөлу.

Зерттеліп отырған биологиялық белсенді заттардың шығымын салыстыру мақсатында Өсімдік шикізаты жер үсті бөлігінің 1 кг таза метанолмен, шикізат:экстрагент (1:9), температура (90±5°C), 10 сағат бойы Сокслет аппаратында циркуляциялық экстракцияланды (екі рет). Алынған сығынды (205.5 г) сүзгі қағазбен сүзіліп, вакуумды роторда буландырылып, фильтратты бөлгіш сүзгіге құйып, хлорофилдер мен шайыр қоспаларынан тазарту үшін гексанмен жуылды. Сығындылар құрғағанша қоюландырып, айқындағыштар пайдаланып, қағаз хроматографиясы (ҚХ) және жұқа қабатты хроматография (ЖҚХ) көмегімен полифенолды қосылыстардың (биологиялық белсенді заттардың) бар екендігі тексерілді. Полярлылығы төмен еріткіштермен өңдеу нәтижесінде (22,41г) гександы сығынды алынды және оның құрамы Perkin Elmer Clarus 600 ГХ / МС қондырғысында жүргізіліп, ұсталу уақыты 4 мин пен 120 мин аралығында 48 зат жұтылып, 46-і NIST мәліметтер базасымен салыстыру арқылы идентификацияланды. Зерттеу нәтижесінде пулегонның мөлшері басым екендігі анықталды. Жалпы идентификацияланған заттар құрамында спирттердің, альдегидтердің, кетондардың және алифатты қосылыстарының көп екендігі байқалды. Әдеби мәліметтер бойынша пулегон микробқа қарсы белсенділікке жауап беретіні анықталды.

Полярлы еріткішпен экстракциялау барысында этилацетатты (26.5 г) және бутанолды (77.33 г) сығындылар алынды.

Этилацетатты экстракт адсорбциялы хроматографияда сорбент силикагель пайдалана отырып хроматографияланды. Дихлорметан:метанол ерітінділерінің полярлылығын жоғарлата отырып элюирлеп, дихлорметан:метанол ерітінділер жүйесінің полярлылығын жоғарлата отырып 87 фракция бөлінді. Жұқа қабатты хроматография (ЖҚХ) әдісімен Rf мәні ұқсас фракциялар біріктіріліп, VD - 1 (587 мг) флавоноидтар кешені алынды. (Sephadex LH–20) сорбенті толтырылған

бағанада VD - 1 фракциясын метанолмен элюирлеп, бөлінген EA - 1 фракциясын Sephadex LH-20 сорбентті бағанда су:метанол ерітінділер жүйесімен жуып 20 мг (7 - зат) және 19 мг (8 - зат) заттары бөлінді.

Бутанолды сығындыны силикагельді бағанада хлороформ:метанол жүйесінде 567 фракцияға бөліп, ұқсас фракцияларды біріктіру арқылы VB - G, VB - J және VB - R фракцияларын жеке - жеке қайта силикагельді бағанаға салынып, хроматографияланды.

VB - G фракциясы Silica gel сорбентті бағаналы хроматографияда хлороформ:метанол еріткішімен жуылды. Зерттеуге алынған фракциялардан препаративті ЖЭСХ көмегімен нормал фазалы NP-HPLC силикагельді сорбентті (Sil-D-60-10 (250 × 20 нм × 5 мкм) бағанда 9.5:1 қатынастағы хлороформ:метанол еріткіштер жүйесімен жуылып жеке күйде 23 мг Sh - 1 (9 - зат) және 47-58 фракциялар біріктіріліп препаративті ЖЭСХ көмегімен кері-айналмалы фазалы (RP-HPLC) ODS-H80 (150 × 20 нм × 5 мкм) бағанында 1:1 қатынастағы метанол:су еріткіштер жүйесімен жуылып 28 мг H-1 (10 - зат) заттары алынды.

VB - J фракциясы бағаналы хроматографияда су-метанол (9:2, 8:2, 7:3, 6:4, 1:1) еріткіштер қоспасымен жуылып, 121-129 фракциялар жиналды. ЖҚХ-да R_f мәндері ұқсастары біріктіріліп, фракция Sephadex LH-20 гель-хроматографиясында элюент ретінде 100% метанол қолдана отырып хроматографияланды. Фракциялар препаративті жоғары эффективті сұйықтық хроматография кері-айналмалы фазалы (RP-HPLC) ODS-H80 (150 × 20 нм × 5 мкм) бағанында 1:1 қатынастағы метанол:су еріткіштер жүйесімен жуылып, жеке күйде 28 мг (11 - зат) зат бөлінді.

VB - K біріктірілген фракциялары препаративті жоғары эффективті сұйықтық хроматография кері-айналмалы фазалы, ODS-H80 сорбентті, (150 × 20 нм × 5 мкм) бағанында 1:1 қатынастағы метанол:су еріткіштер жүйесімен жуылып, таза күйде 13 мг U-1 (12 - зат) және 23 мг V-1 (13 - зат) заттары бөлінді.

2.5 Шикізат экстрактілеріне биологиялық скрининг жасау

Verbascum (аюқұлақ) текті өсімдіктердің жер үсті бөлігі шикізатының биологиялық белсенділігін талдау үшін 12 шартты фитопрепараттар мен 1 жеке қосылыс әзірленіп, зерттелді.

2.5.1 Иммуноүрлендіргіш (қабынуға қарсы) белсенділікті талдау

Иммуноүрлендіргіш белсенділікті талдау үшін люминол-хемилюминесценция әдісі қолданылды. Сұйылтылған (магний хлориді, кальций хлориді бар Ханкс тұзды ерітіндісі) қанның (HBSS⁺⁺) концентрациялары 1, 10 және 100 мкг/мл болатын 25 мкл үш параллель сынамасы даярланып инкубирленеді. Зерттеу жүргізілетін қуысты ұяшықтар тек HBSS⁺⁺ сұйытылған қаны мен таза жасушаларды қабылдайды. Зерттеуді 96-қуысы бар ұяшықта (Costar, NY, USA) 37°C температурада 15 минут (Labsystems, Helsinki, Finland) термостаттың люминометр бөлігінде

инкубирлейді. Люминометрде тіркелген жарықтың салыстырмалы бірлігі бойынша белсенділік деңгейі анықталады. Салыстырмалы бақылау стандарты ибупрофен $IC_{50} = 11.2 \pm 1.9$ алынады.

2.5.2 Бактерияға қарсы белсенділікті талдау

Зерттеуге алынған ағзалар: СА (*Candida albican*): альбиканс зен саңырауқұлақтары ATCC10231, ЕС (*Escherichia coli*): ішек таяқшалары ATCC11229SA (*Staphylococcus aureus*): стафилакок ATCC6538



Ампицилиннің натрий тұзы – стандартты антибиотик.

Амфотерициннің 10 мл аликвотасы түтікпен өлшеп алынады, оның үстіне зерттеуге алынған сынаманы салып $37^{\circ}C$ температурада 24 сағатқа инкубирлеуге қалдырылады. Үстіне агар ерітіндісін қосып араластырып Петри табақшасына салады. 100 мкг зерттеуге алынған сынаманы Петри табақшасына салып үстіне микробқа қарсы агенттер қосылады. Ұяшықтағы сынаманы 2 сағатқа бөлме температурасында қалдырады.

2.5.3 Тотығуға қарсы белсенділікті талдау

Үлгілерде антиоксиданттың темір ионы Fe^{3+} формасынан Fe^{2+} формасына дейін тотықсыздандыруына байланысты анықталатын әдісті «темірді тотықсыздандырушы белсенділік» деп, ал ағылшынша қысқаша «FRAP» деп атайды. Бұл процесті жүзеге асыру үшін құрамында темір ионы бар бірнеше қосылыстар ұсынылды. Fe^{3+} ионының тотықсыздануы трипиридилтриазин Fe (III) (TPTZ)₂ кешенінде жиі жүзеге асады, Fe (II) (TPTZ)₂ кешенді ерітінді көк түске боялады. Процестің тіркелуі оптикалық тығыздықтың 593 нм толқын ұзындығында артуына байланысты келтіріледі [141]. Кең тараған әдістердің бірі ол калий ферроцианидін тотықсыздандыру реакциясы болып табылады. Калий гексаферроцианиді $K_3[Fe^{3+}(CN)_6]$ оксидантқа қарсы белсенділігі бар затпен $K_4[Fe^{2+}(CN)_6]$ дейін тотықсызданады және 700 нм максимумдеде сіңірілетін көк түсті қосылыс түзіледі [142]. Темір ионының тотығу реакциясында біршама гидроксил радикалы генерацияланады, ол өз кезегінде ағза жасушасының тотығуын тудыратын оттегі формасының белсенді түрінің бірі. Темір ионы мөлшерін және тотығу процесінің қарқындылығын бақылау ағзаның оксидантқа қарсы әсерін қолдауға және қамтамасыз етуге қолданылатын шаралары болып табылады.

FRAP әдісінің негізіне $Fe^{3+} / [Fe(CN)_6]^{4-}$ индикатор жүйесін қолдану қабылданған. Бұл әдістің химиялық процесін төмендегідей көрсетуге болады :



«Берлин лазуримен» боялған кешенді қосылыстың түзілуі сапалық және сандық түрде заттың тотықсыздадырғыш белсенділігін көрсетеді. Бұл әдістегі реакциялық қоспаның сары түстен жасыл түске және көк түске дейінгі

карқынды өзгеруі зерттелетін заттың концентрациясына тәуелді. Оптикалық тығыздықты өлшеу $\lambda = 700$ нм-де жүзеге асырылады. Салыстыру препараты ретінде бутилгидроксианизол, галл қышқылы немесе кверцетин заттарының біреуі алынады. Оптикалық тығыздық мәнінің артуы нәтижесінде зерттелетін заттың тотықсыздану потенциалы артады.

Осы әдістегі жалпы оксидантқа қарсы белсенділік, ол тотықсыздану мүмкіндігі немесе белсенділігі. Дегенмен, антиоксиданттардың бос радикалдарды байланыстыру қабілеті темір ионын Fe^{3+} формасынан Fe^{2+} формасына дейін тотықсыздандыру мүмкіндігімен сәйкес келе бермейді. Мысалы, осы әдіспен күкіртсутек бар қосылыстардың оксидантқа қарсы белсенділігін анықтау мүмкін емес. Сонымен қатар, кейбір антиоксиданттар, мысалы, аскорбин қышқылы темір ионын Fe^{3+} формасынан Fe^{2+} формасына дейін тотықсыздандырып қана қоймай Fe^{2+} - пен өзара әрекеттесіп қосымша бос радикалдарды генерациялап, қосылыстардың оксидантқа қарсы белсенділігін анықтауды қиындатады.

Белсенділікті FRAP - әдісімен (Ferric Reducing Antioxidant Power assay) анықтау. FRAP-әдісімен зерттеу үшін *Verbascum orientale L.*, *Verbascum densiflorum L.* өсімдіктерінің эфир майлары алынды.

Концентрация диапазондары 0,25; 0,5; 0,75; 1,0 мг/мл болатын 0,1 мл зерттелетін заттарға 0,25 мл 0,2 М фосфатты буфер ерітіндісі (рН 6,6) және 0,25 мл 1% калий (III) гексацианоферратының ерітіндісін қосады. Реакциялық қоспаны 50°C температурада 20 мин инкубациялайды, одан әрі 0,25 мл 10%-дық үшхлорлорсірке қышқылы ерітіндісін қосу арқылы реакцияны тоқтатады. 10 минут 3000 айн./мин. қоспаны центрифугалайды. Жоғары бетіннен 0,5 мл ерітінді алып, оны 0,5 мл дистилденген су және 0,1 мл 0,1% $FeCl_3$ ерітіндісімен араластырады. Зерттелетін заттардың оптикалық тығыздығын 700 нм ұзындықта өлшейді [142, б. 72, 143].

2.5.4 Цитотоксикалық белсенділікті талдау

Цитотоксикалық белсенділік – алынған қосылыстың ісік жасушаларының некрозын тудыра алу көрсеткіші.

Artemia salina (Артемия салина) теңіз шаяндарының кез келген ортада өмір сүру белсенділігі жоғары. Осы себепті ісік жасушаларының баламасы ретінде қолдану қарастырылған. Сондықтан, анықталатын заттардың цитотоксикалық белсенділігін зерттеуде *Artemia salina* теңіз шаяндары пайдаланылады. Теңіз шаяндарын өсіру мақсатында теңіз суы зертханада жасанды түрде дайындалды.

Жасанды теңіз суын дайындауға бірқатар тұздар қажет, олар натрий хлориді (негізгі компонент), магний сульфаты, магний хлориді, кальций хлориді, натрий бромиді және т.б. Бір тәуліктен артық тұрған жасанды теңіз суын ғана зерттеуге қолдануға болады.

Зерттелетін өсімдіктер эфир майларының цитотоксикалық белсенділіктерін анықтау келесі әдістемемен жүргізілді.

Бұл әдістеме улы заттар жоқ таза судағы (бақылау үлгісі) және талдауға алынған үлгідегі (тәжірибелік үлгі) өлген Артемия дернәсілдері саны

айырмашылығын анықтауға негізделген. Ерітіндінің өлім тудыратын шарты болып бақылау ерітіндісімен салыстырғанда дернәсілдердің 50% немесе 50%-дан жоғары өлімі саналады.

Биотестілеуді өткізетін орын инсектицидтермен өңделмеген, химиялық улы заттармен жұмыс жасамайтын, химиялық заттарды сақтамайтын, $20 \pm 2^\circ\text{C}$ температурада, табиғи жарық жерде өткізіледі. Бақылауға алынған табиғи немесе жасанды су тұзды және $\text{pH} = 8,0 - 8,5$ тең болуы керек. Биотестілеу кезінде *Artemia* дернәсілдері 1 тәуліктік болуы шарт. $40-50 \text{ см}^3$ су үлгісіне 20 - дан кем емес, 40 - тан артық емес дернәсілдерді орналастырады. Зерттеу жұмыстары 3 немесе 5 параллельде жүргізіледі.

Artemia salina дернәсілдерін эксперимент кезінде қоректендірмейді. Қозғалыссыз қалған дернәсілдерді «өлген» деп, судың ортасында еркін жүзіп жүрген немесе аяқтарымен қарқынды қозғалып түбіне жақын жүрген особьтарды «тірі» деп санайды, ал жүзе алмай бір орнында тұрып, аяқтарын қозғалтатын особьтарды «сал» болып қалғандар қатарына жатқызады, сал болып қалған дернәсілдерді анықтап көру үшін, оларды микроскоппен қарап зерттейді [144].

Бөлгіш сүзгішті 55 мл жасанды теңіз суымен толтырып 200 мг *Artemia salina* жұмыртқасын қосады. Шаяндар жұмыртқасын жарып шыққанша 3 күн бойы жеңіл ауа үрлей отырып ұстайды. Түтіктің бір жақ шетін алюминий фольгасымен қаптап, 5 минуттан соң бөлгіш сүзгіш жарық жеріне жиналған дернәсілдерді Пастер түтігімен жинайды.

990 мл теңіз суына 20-40 дернәсілдер салынды. Өлген дернәсілдерді микроскоппен санайды. 10 мг/мл үлгіге 10 мл диметилсульфоксид ерітіндісін қосады.

Бақылау препараты ретінде актиномицин Д немесе стауроспорин алынады. Концентрациялары 10, 5 және 1 мг/мл үлгілердің цитотоксикалық белсенділігін тексереді. Микроплошкалардағы дернәсілдерді 24 сағат инкубациялап, уақыт өткен соң (қимылсыздықты қамтамасыз ету үшін) өлі дернәсілдерді санайды.

Жүргізілген тәжірибе негізінде дернәсілдердің өлуін (P) төмендегі формуламен есептейді:

$$P = \left(\frac{A - N - B}{Z} \right) * 100 \quad (14)$$

мұндағы, A – 24 сағаттан кейінгі өлген дернәсілдердің саны;

N – тәжірибені өткізуалдындағы өлген дернәсілдер саны;

B – бақылау үлгісіндегі өлген дернәсілдердің орташасаны;

Z – барлық дернәсілдер саны.

Егер P шамасы 50% және одан артық науплий санын көрсетсе онда, зерттелетін ерітінді өткір өлім көрсететін «улы» деп есептеледі.

Сонымен, биотестілеудің нәтижелері егер биотестілеу кезінде ауаның және судың температурасы $20 \pm 2^{\circ}\text{C}$ болса және бақылау үлгідегі науплийлердің өлімі 10%-дан артық болмаса дұрыс деп есептелінеді.

2.5.5 Фитотоксикалық белсенділікті талдау

Ауыл шаруашылығы мен агрономияда арамшөптермен күресу және өнімдердің шығымын арттыру басты мәселе. Қазіргі таңда синтетикалық пестицидтердің құны қымбат және улы болғандықтан, өсімдік құрамындағы биологиялық белсенді заттардың фитотоксикалық белсенділігі зерттелді.

Сынауға *Araceae* тұқымдасына жататын *Lemna minor* арам шөбі қолданылды. 100 мл тазартылған суға ерітіндінің рН 5.5 – 6.0 ортада КОН түйіршіктерін біртіндеп қосып ерітінді даярлайды. 121°C температурада 15 минутқа автоклавқа салады. Зерттеуге алынған экстракттарды этанолда (20 мг/л) ерітіп, бастапқы ерітінді алынады. Бастапқы ерітіндіден концентрациялы 1000, 100, 10 мкл үш үлгі алып таза колбаға түтік арқылы құяды. Стерилді жағдайда түні бойы еріткішті буландырады. Әр колбаға (20 мл) бейорганикалық ерітінді құйып және арамшөп өсімдігін салады. Тағы бір колбаға бейорганикалық ерітінді мен өсу ингибиторын (паракват) құйып, бақылау сынама ретінде қолданады. Зерттеуге алынған колбадағы сынамалар 7 күн 28°C температурада тұру қажет. Талдау нәтижелері өсу реттілігі пайызбен (%) және арамшөптің өсінің тежелуі есептеледі.

3 ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

3.1 *Verbascum* текті өсімдіктердің шынайылығын анықтау және биологиялық белсенді топтардың сандық мөлшері мен сапалық құрамын талдау

Зерттеу нысандары: Шығыс Қазақстанда өсетін Сабынкөкгүлділер (*Scrophulariaceae*) тұқымдасына жататын шығыс аюқұлақ (*Verbascum orientale* L.), ұзын аюқұлақ (*Verbascum densiflorum* L.), күлгін аюқұлақ (*Verbascum phoeniceum* L.) өсімдік түрлерінің жер үсті бөліктері шикізаттары. Өсімдіктер Шығыс Қазақстан аймағынан 2018-2019 жылдары үш вегетациялық кезеңде (бүршіктенуі – маусым, гүлденуі – шілде және жеміс беруі – тамыз-қыркүйек айларында) жиналған. Зерттеу барысында өсімдік шикізаттарындағы биологиялық белсенді заттардың жинақталу мөлшері жеміс беру кезеңінде көп болғандықтан, ғылыми-зерттеу жұмыстары аюқұлақ өсімдіктерінің жеміс беру кезеңімен жалғасты. Зерттеу нәтижесі 5 - кестеде көрсетілген.

Өсімдік шикізатына сапалық талдау бір және екі жүйелі қағазды хроматография әдісімен әртүрлі еріткіштер жүйесінде арнайы айқындағыштармен жүргізіліп, нәтижесінде флавоноидтар, иридоидтар, сапониндер, алкалоидтар, кумариндер, фенол қышқылдары, амин қышқылдары, көмірсулары бары анықталды.

Шикізатының шынайылық көрсеткіштерін анықтау үшін ҚР I Мемлекеттік Фармакопиясының әдістемесі бойынша өсімдік шикізаттарының ылғалдылығы, күлділігі және құрамындағы экстрактивті заттары анықталды [134, б. 441]. Сондай - ақ өсімдік шикізаты құрамындағы биологиялық белсенді заттардың сандық мөлшері зерттелді.

Кесте 5 – *Verbascum orientale* L., *Verbascum densiflorum* L., *Verbascum phoeniceum* L. текті өсімдіктердің вегетативті кезеңдегі ББЗ жинақталу мөлшері

Шикізат	Вегетациялық кезеңі (фенофаза)	Флавоноидтар мөлшері, %	Фенилпропаноидтардың мөлшері, %
<i>Verbascum orientale</i> L.	Бүршік ату	0.97±0,03	0.72±0,03
	Гүлдену	0.88±0,05	0.85±0,03
	Жеміс беру	1.11±0,04	0.98±0,03
<i>Verbascum densiflorum</i> L.	Бүршік ату	0.89±0,02	0.74±0,04
	Гүлдену	0.93±0,03	0.80±0,03
	Жеміс беру	1.07±0,03	0.87±0,03
<i>Verbascum phoeniceum</i> L.	Бүршік ату	0.57±0,03	0.65±0,04
	Гүлдену	0.71±0,04	0.68±0,03
	Жеміс беру	0.80±0,03	0.73±0,04

Шикізаттың ылғалдылығы - гигроскопиялық ылғал мен ұшқыш заттардың әсерінен массаның жоғалуы барысында шикізаттың тұрақты массаға кептірілуі.


Өсімдік шикізатының күлділігі дегеніміз шикізатты муфель пешінде жағып, қалдықты тұрақты массаға келтіргенде қалған бейорганикалық заттардың қалдығы. Өсімдік шикізатындағы күлдің мөлшері өсімдіктің өзіндік ерекшелігіне, жинау әдісі мен уақытына және кептіру жағдайларына байланысты өзгеріп отырады.

Экстракциялауға дайындау барысында өсімдік шикізатын оның дренаждық қасиеттерін нашарлатпай шар диірменінде 1-2 мм дейін ұнтақталды.

6 - кесте көрсеткіштері бойынша зерттеліп отырған үш өсімдік түрлерінің шынайылық нәтижелері өсімдіктер бір аймақтан жиналғандықтан ұқсас екендігі анықталды.

Кесте 6 – *Verbascum* текті өсімдіктердің жер үсті бөлігі негізгі ББЗ топтарының шынайылық көрсеткіштері.

Өсімдік шикізаттары	Шикізат шынайылық көрсеткіштері %		
	Ылғалдылығы	Күлділігі	Экстративті заттар
<i>Verbascum orientale L.</i>	7.71±0,05	9.21±0,03	31.5±0,08
<i>Verbascum densiflorum L.</i>	10.30±0,05	7.01±0,03	29.30±0,08
<i>Verbascum phoeniceum L.</i>	10.25±0,05	7.47±0,03	20.60±0,07



Сурет 30 – Зерттелетін өсімдіктің шынайылығын анықтау нәтижелері


6 - кесте нәтижелері бойынша *Verbascum orientale L.*, *Verbascum densiflorum L.*, *Verbascum phoeniceum L.* өсімдіктерінің ылғалдылық шамалары 7,71-13,25%, күлділігі 7,01-9,21%, 80%-ды сулы спирттегі экстрактивті заттар мөлшері 20.60-31,05% аралығында екендігі анықталды [145]. Биологиялық белсенді заттардың пайыздық мөлшері зерттеліп отырған шикізаттарда

айтарлықтай көп емес. Сандық мөлшері жағынан *V. phoeniceum* өсімдігіне карағанда басқа екі өсімдікте амин қышқылдары мен фенол қышқылдарының мөлшерінің көп екендігі анықталды. Сонымен қатар, шикізат құрамына сапалық реакциялар (арнайы реактивтермен) мен хроматографиялық (ҚХ, ЖҚХ) әдістер негізінде *Verbascum* текті өсімдіктерде полифенолды қосылыстар мен иридоидтардың мөлшері басым болғаны зерттелді [146].

Кесте 7 – *Verbascum* текті өсімдіктердің құрамының сандық және сапалық талдау нәтижелері

ББЗ топтары	Сапалық реакция нәтижесі	Сандық құрамы (%)		
		<i>Verbascum orientale</i>	<i>Verbascum densiflorum</i>	<i>Verbascum phoeniceum</i>
Фенилпропаноид-тар	1% желатин ерітіндісінің тамшысы, бұлыңғыр тұнба	0.98±0,03	0.87±0,03	0.73±0,04
Флавоноидтар	AlCl ₃ , сары түс	1.11±0,03	1.07±0,02	0.80±0,02
Иридоидтар	Трим-Хилл реактиві, қанық көгілдір түс	1.02±0,02	1.01±0,02	0.67±0,04
Алкалоидтар	Драгендорф реактиві, сарғыш-қызыл тұнба	0.67±0,02	0.53±0,02	0.61±0,02
Кумариндер	Лактон сынамасы, ақ тұнба	0.60±0,02	0.55±0,02	0.37±0,02
Тері илегіш заттар	10% (CH ₃ COO) ₂ Pb, ірімшік тәрізді тұнба	0.77±0,07	0.58±0,02	0,43±0,02
Сапониндер	Көбіктену	0.50±0,02	0.43±0,03	0.42±0,02
Амин қышқылдары	Нингидринді реакция, күлгін түс	4.78±0,04	3.77±0,02	2.61±0,03
Фенол қышқылдары	ДзПНА, қызғылт-күлгін түс	1.12±0,02	0.96±0,03	0.93±0,03
Көмірсулар	Бір атомды спирт, ақ тұнба	2.45±0,02	2.23±0,03	2.16±0,02

7 - кестедегі мәліметтерді салыстырсақ, *Verbascum orientale* L., *Verbascum densiflorum* L., *Verbascum phoeniceum* L. өсімдіктерінің құрамындағы биологиялық белсенді заттардың пайыздық мөлшерінде айырмашылықтарды көруге болады. *Verbascum* текті өсімдіктің екі түріндегі ББЗ, оның ішінде флавоноидтар, фенилпропаноидтар, көмірсулер және иридоидтардың мөлшері *Verbascum orientale* L., текті өсімдік шикізатының құрамында басым екендігі белгілі болды.



Сурет 31 – *Verbascum* текті өсімдіктердің құрамының сандық және сапалық талдау нәтижелері

3.2 Өсімдіктер құрамындағы макро- және микроэлементтік талдау нәтижелері

Медициналық дәлелдерге сүйенсек, өсімдік құрамындағы биологиялық белсенді заттармен (флавоноидтар, алкалоидтар, иридоидтар, фенилпропаноидтар, сапаниндер, тері илегіш заттар және т.с.с.) қатар макро- және микроэлементтердің маңызды аса зор.

Тірі ағза үшін химиялық элементтер улы және жетіспеушілік диапазонында болады. Өсімдік құрамындағы негізгі және микроэлементтер өсетін топырақтың геохимиялық ерекшеліктеріне байланысты шоғырланады. Сонымен қатар, минералдық заттардың мөлшері қоршаған ортаның ауасы мен суына да байланысты болады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы шикізат құрамында ауыр металдардың, оның ішінде кадмий (0.3 мг/кг^{-1}), мышьяк (1 мг/кг^{-1}) және қорғасын (10 мг/кг^{-1}) шектік деңгей концентрациясын бекіткен.

Өсімдік негізіндегі биологиялық белсенді кешендер үшін шектік концентрация мөлшері «Дәрілік өсімдік шикізаттары мен препараттардағы ауыр металдар мен мышьяқты анықтау» Жалпы фармакопоялық және ересек адамға тәуліктік физиологиялық қажеттілігі 8-кестеде келтірілген.

Кесте 8 – Элементтердің ересек адамға физиологиялық қажеттілігі

Элементтер	МРС мг/мг	Тәуліктік қажеттілік, мг	Уыттылық шегі мг/тәул.	Сіңірілуі, %
Na	-	-	-	-
K	-	2500	-	100
Mg	-	400	-	30
Cu	5	2.0-2.5	200	50
Ni	3	0.6-0.8	-	-
Fe	5	15-20	200	10
Mn	-	5-6	40	10
Zn	10	10-12	600	50
Ca	-	800-1200	-	30
Cd	1	-	-	-
Pb	6	-	-	-



Verbascum текті өсімдіктердің шынайылық көрсеткіштерін (күлділігін) талдау барысында алынған өсімдік шикізатының күлі өсімдіктің минералды құрамын және мөлшерін анықтау үшін пайдаланылды. Атомды – эмиссионды спектроскопия әдісімен өсімдік шикізаттары күлінің құрамынан макро - және микроэлементтердің сандық мөлшері анықталды.

Тірі ағза мен өсімдіктер үшін макро - және микроэлементтердің пайдасы аса зор. Олар тірі ағзаның беріктігі мен дамуын қамтамасыз ететін аса қажет биогенді элементтер. ИПС – 28 («МОРС», Ресей) спектрографінде атомды – эмиссионды әдісімен *Verbascum* текті өсімдік түрлері шикізатының құрамынан 4 макро - және 7 микроэлементтер анықталды. *Verbascum* текті өсімдік түрлері

шикізатының күліндегі макроэлементтердің пайыздық мөлшері бойынша кальций, магний және калийдің, ал микроэлементтерден темір мен марганецтің көп мөлшерде екендігі байқалды. Сондай - ақ зерттеу нәтижесі бойынша зерттеуге алынған үш өсімдік түрлері шикізаты құрамында никель, мырыш және мыстың пайыздық мөлшерлері шамалас екендігі анықталды [147].

Кесте 9 – *Verbascum* текті өсімдік түрлерінің минералдық құрамы

Атауы	<i>Verbascum orientale</i> L.	<i>Verbascum densiflorum</i> L.	<i>Verbascum phoeniceum</i> L.
Макроэлементтер (мкг/г)			
Натрий	23.01±0,03	22.65±0,04	20,23±0,03
Калий	1370.45±0,04	1226.30±0,02	1235.8±0,44
Магний	217.75±0,10	234.01±0,05	200.11±0,05
Кальций	423.46±0,06	398.23±0,08	448.33±0,08
Микроэлементтер (мкг/г)			
Мыс	2.209±0,005	1.932±0,008	1.832±0,008
Никель	0.902±0,004	0.870±0,03	0.582±0,01
Темір	5.147±0,004	5.374±0,004	3.032±0,01
Марганец	4.130±0,06	4.693±0,008	2,64±0,10
Мырыш	2.669±0,006	2.045±0,01	3,01±0,008
Кадмий	0.043±0,007	0.027±0,005	0.048±0,01
Қорғасын	-	-	-



Сурет 32 – Өсімдіктер құрамындағы макро- және микроэлементтері

Ауыр металдардың болмауы және концентрацияларының төмен болуы өсімдік шикізатының тазалығы мен экологиялық қауіпсіз екендігін көрсетеді.

9 - кестеде берілген мәліметтерден өсімдік шикізаттарының құрамында адам ағзасына ең қажетті Fe, Mn, Ca, K элементтері көп мөлшерде болды. Өсімдіктерді салыстырмалы зерттеу барысында, *Verbascum orientale* L. өсімдік түрінде макро - және микроэлементтерінің мөлшері басым екендігі анықталды. Кестеде көрсетілгендей, *Verbascum densiflorum* L. өсімдігі өзге екеуімен

салыстырғанда Fe, Mn микроэлементтері және Mg макроэлементіне бай екендігі анықталды. *Verbascum phoeniceum L.* өсімдігінің құрамында басқа екі өсімдікпен салыстырғанда Ca мен Zn элементтерінің мөлшері басым болды. Инсулиннің құрамына кіретін мырыш тірі ағзадағы өкпе ұлпалары мен жыныс мүшелерінің қабынуына қарсы қолданылады. Ферментті жүйелердің құрамына кіретін марганец, тотығу – тотықсыздану процесіне белсенді қатысады.


Адам ағзасы үшін ерекше бағалы әрі алуан түрлі қызмет атқаратын биоэлемент – темір. Ол ақуыздар (гемоглабин мен миоглабин), ферменттер (каталаза, пероксидаза) және цитохромдардың аса маңызды алмастырылмайтын бір бөлігі болып табылады. Калий мен натрий бірлесе отырып ағзаның қан қысымын, жүрек қызметін және жүйке импульстерін реттеуде маңызы зор. Натрий тұзы ағзаның ішкі ортасының тұрақтылығын реттейді және су алмасу процесіне қатысады. Бұл нәтижелер *Verbascum phoeniceum L.* өсімдігінен алғаш рет анықталып отыр.

3.3 Өсімдік шикізаттарынан амин және май қышқылдарының мөлшерін анықтау

Аюқұлақ (Verbascum) текті өсімдік түрлерінің амин – май қышқылдық құрамы мен мөлшерін анықтау үшін 1 г өсімдік шикізаты алынды. Өсімдік шикізатының қышқылдарын анықтау әдісі, оның құрамынан майды оқшаулауға негізделген. Газ – сұйық хроматография әдісімен өсімдік шикізаты майының құрамынан 8 май қышқылы анықталды. Шындық аймақтардың концентрацияға ауысуы ішкі нормалау әдісімен анықталып, құрамындағы қаныққан және қанықпаған май қышқылдарының сандық мөлшері белгілі болды. Энергия көзі ретінде ерекше қызмет атқаратын май қышқылдары – өсімдік жасушаларының құрамдас бөлігі. Олар өсімдіктердің жасушаларында әртүрлі мөлшерде кездеседі, май қышқылының ең көп мөлшері өсімдік тұқымдарында (88%) болады [148].

Кесте 10 – *Verbascum* текті өсімдік түрлері шикізаты майының құрамындағы май қышқылдарының сандық мөлшері

Май қышқылының атауы	Қышқыл индексі	Мөлшері, %		
		<i>Verbascum orientale L.</i>	<i>Verbascum densiflorum L.</i>	<i>Verbascum phoeniceum L.</i>
Миристин	C _{14:0}	2,7±0,5	2,6±0,3	0,9±0,05
Пентодекан	C _{15:0}	2,2±0,7	2,5±0,8	2,1±0,5
Пальмитин	C _{16:0}	8,1±0,6	8,6±0,6	12,3±0,5
Пальмитолеин	C _{16:1}	1,4±0,05	1,2±0,07	2,3±0,07
Стеарин	C _{18:0}	3,8±0,3	4,0±0,3	5,7±0,9
Олеин	C _{18:1}	32,4±0,7	32,5±0,5	35,5±0,6
Линол	C _{18:2}	48,5±0,7	47,8±0,6	40,4±0,8
Линолеин	C _{18:3}	0,9±0,03	0,8±0,05	0,8±0,06



Сурет 33 – *Verbascum* текті өсімдіктер өсімдік түрлері шикізаты майының құрамындағы май қышқылдарының сандық мөлшері

Verbascum текті өсімдіктер шикізаты майының құрамынан 8 май қышқылдарының анықталғаны 10 – кестеде көрсетілген. *Verbascum* (аюқұлақ) текті өсімдіктердің шикізаты майының құрамынан анықталған май қышқылдарының сапалық құрамдары бірдей, айырмашылық жеке май қышқылдарының сандық мөлшерінде анықталды. Газ - сұйықтық хроматографиялық талдау нәтижесінде өсімдіктердің майының құрамында қаныққан жоғары май қышқылдары (миристи́н, пальмитин, стеарин, пентодекан) мен қанықпаған жоғары май қышқылдары (пальмитолеин, олеин, линол, линолен) бар екендігі белгілі болды.

Зерттеу нәтижесінде өсімдік түрлерінің құрамынан олеин (C_{18:1}) және линол (C_{18:2}) қышқылдарының сандық мөлшері басым екені белгілі болды [149].


Сонымен қатар, *Verbascum* текті өсімдік түрлерінің амин қышқылдық құрамына сандық талдау жасалды. Талдау нәтижесі бойынша зерттеуге алынған өсімдіктер шикізаты құрамынан 20 амин қышқылы идентификацияланып сандық (мг/100г, % пайыздық) мөлшері анықталды.

Кесте 11 – *Verbascum* текті өсімдіктер құрамындағы амин қышқылдарының сандық мөлшері

Амин қышқылдарының атауы	Мөлшері %		
	<i>Verbascum orientale</i>	<i>Verbascum densiflorum</i>	<i>Verbascum phoeniceum</i>
Аланин	0,77±0,04	0,745±0,004	0,80±0,04
Глицин	0,312±0,007	0,286±0,006	0,309±0,007
Лейцин	0,382±0,005	0,36±0,05	0,40±0,05
Изолейцин	0,36±0,07	0,342±0,006	0,36±0,07

11 - кестенің жалғасы

Валин	0,258±0,01	0,235±0,08	0,24±0,01
Глютамин	2,59±0,08	2,546±0,01	2,56±0,05
Треонин	0,212±0,007	0,19±0,08	0,202±0,005
Пролин	0,538±0,004	0,536±0,007	0,615±0,005
Метионин	0,094±0,01	0,085±0,008	0,082±0,007
Серин	0,34±0,03	0,336±0,005	0,34±0,04
Аспарагин	1,212±0,01	1,212±0,005	1,122±0,01
Цистин	0,054±0,004	0,044±0,007	0,039±0,005
Оксипролин	0,002±0,003	0,001±0,0009	0,002±0,002
Фениланин	0,288±0,007	0,27±0,05	0,272±0,009
Тирозин	0,32±0,03	0,294±0,005	0,303±0,01
Гистидин	0,237±0,008	0,212±0,004	0,218±0,005
Орнитин	0,002±0,002	0,001±0,005	0,002±0,003
Аргинин	0,349±0,007	0,334±0,009	0,338±0,007
Лизин	0,294±0,005	0,276±0,005	0,245±0,005
Триптофан	0,072±0,005	0,065±0,007	0,072±0,01



Сурет 34– *Verbascum* текті өсімдіктер құрамындағы амин қышқылдарының сандық мөлшері

11 - кестеде көрсетілгендей газды сұйықтық хроматография әдісімен талдау нәтижесінде өсімдіктердің құрамында глютамин, аспарагин және аланин қышқылдарының көп екені анықталды. Ал, оксипролин мен орнитин ең аз мөлшерде екені белгілі болды. Нәтижелерді салыстыра келе *Verbascum orientale* өсімдігінің құрамынан анықталған амин қышқылдарының мөлшері

көп екені белгілі болды. Зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе өсімдіктердің аминқышқылдар құрамында айтарлықтай айырмашылық болмады. Табиғатта көп таралған амин қышқылдары: глутамин және аспарагин қышқылдарының мөлшері шамалас болып ең көп пайыздық мөлшерді көрсетті. Алмасатын және алмаспайтын амин қышқылдарының мөлшері шамалас болды.

Орталық жүйке жүйесінің (ми жарақаты) ауруларына қарсы глутамин қышқылы пайдаланылады. Оны ағзадағы қышқылдық - негіздік тепе- теңдікті орнату және шылым шегу әуестігін тежеу үшін тұтынады. Жүрек - қан тамырлары, жүйке ауруларына қарсы – аспарагин қышқылының тұздары, бауыр циррозы мен сусамыр ауруларының алдын алу және емдеу үшін метионин қолданылады. Орталық жүйке жүйелері үшін энергия көзі болып табылатын аланиннің маңызы зор және оның антитела өндіруі иммундық жүйені нығайтады. Бұл нәтижелер *Verbascum* өсімдік түрлері үшін алғаш рет ұсынылуда.

3.4 *Verbascum* текті өсімдіктердің липофилді құрамын анықтау

Шығыс Қазақстан өңірінде өсетін *Verbascum* (аюқұлақ) текті өсімдік түрлері шикізатының гександы сығындысы құрамынан липофилді заттар газ хроматографиялы–масс-спектрометрия әдісімен Perkin Elmer Clarus 600 қондырғысының NIST мәліметтер базасымен салыстырылып идентификацияланды.

Ұнтақталған шикізаттың жер үсті бөлігі (1 кг) бөлме температурасында 80% этил спиртпен 3 рет (72 сағат) және сулы спиртпен өңделіп сулы - спиртті сығынды алынды. Сығынды гексан, хлороформ, этилацетат және бутанол еріткіштерімен экстракцияланды.


Verbascum текті өсімдіктердің жер үсті бөлігі шикізатының гександы сығындының құрамы газ - хроматография - масс –спектрометрия (GC-MS) әдісімен талданды. *Verbascum densiflorum* өсімдігінен 48 зат бөлініп 46 заты, *Verbascum orientale* өсімдігінен 43 заттан 41 зат идентификацияланды. Хроматографиялық нормалау әдісімен олардың сандық құрамы анықталды. Пулегон, линол қышқылы, транс - 13-октодецен қышқылы, β-изофорон, пальмитин қышқылы және ацетонның гескагидрофарнецилі гександы сығынды құрамында көп мөлшерде болатыны анықталды.

Verbascum текті өсімдіктер шикізатының гександы сығындысының құрамында: спирттер, альдегидтер, кетондар, терпендер және алифатты қосылыстар басым екендігі 12, 13 – кестелерде көрсетілген.

Әдеби деректерге сүйенсек, сығынды құрамынан сәйкестендірілген пулегон және оның туындылары медицинада әртүрлі мақсаттарда қолданылған, мысалы, олар антиоксидантты, анти - инфламаторлы, микробқа қарсы белсенділік (ішек құрттарға) көрсететін препарат ретінде қолданылады.

Газ хроматографиялы–масс-спектрометрия әдісі қазіргі таңда кең дамыған және жоғары дәлдікпен талдауға болатын әдістердің бірі. Зерттеу жұмысы Perkin Elmer Clarus 600 ГХ/МС қондырғысында жүргізілді.

Салыстырмалы зерттеу бойынша алынған *Verbascum orientale L.* және *Verbascum densiflorum L.* екі өсімдік құрамындағы липофилді заттардың құрамы мен олардың жинақталу мөлшері өсімдіктердің түріне, вегетативті даму кезеңдеріне, өсу аймағына, географиялық орнына тәуелді болады.



35-сурет – *Verbascum densiflorum L.* өсімдік түрінің құрамындағы липофилді заттардың пайыздық үлесі (%)

Кесте 12 – *Verbascum densiflorum L.* өсімдігінің құрамындағы липофилді заттардың мөлшері, %


RT	R әдеб.	R сан.	Зат атауы	Мөлшері	Пайыздық %
1	2	3	4	5	6
4.906	800±2	799	n-гексаналь	951	1.2
8.296	865±7	886	p-ксилен	926	0.3
13.175	973±1	967	3,5-диметил-Циклогексанол	742	0.5
13.766	980±2	976	1-октен-3-ол	905	1.3
14.023	986±2	980	6-метил-5-гектен-2-он	803	0.3
14.213	993±2	983	2-амилфуран	873	0.5
17.992	1044±0	1034	β-изофорон	900	1.0
22.919	1099±2	1099	Линалол	916	0.4
23.301	1104±2	1103	n-нонаналь	935	2.3
26.966	1156±N/A	1143	α,α,4-триметил-1-циклогексен-1-метанол	909	0.6
27.696	1164±N/A	1151	α-пинокарвон	909	1.3

12-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
28.03	1164±6	1154	цис-р-метан-3-он	952	1.5
28.807	1173±2	1163	Изокамфопинон	908	0.3
29.387		1169	<i>Белгісіз</i>		0.5
30.598	1178±16	1182	<i>p</i> -метан-1-ол	944	3.4
34.494	1237±3	1228	<i>Пулегон</i>	924	7.2
35.756	1253±6	1243	Пиперитон қышқылы	873	1.5
41.49	1317±3	1313	<i>транс-2, транс-4-децадиеналь</i>	903	0.4
44.74		1351	<i>Белгісіз 2</i>		1.2
49.132	1419±3	1403	β-кариофиллен	891	0.4
52.294	1435±3	1439	<i>цис</i> -геранилацетон	923	0.3
53.56	1449±1	1453	2,6,10-триметилтридекан	905	1.5
57.39	1517iu	1497	8α-метилгексагидро-1,8(2H,5H)-нафталенедион	744	0.3
64.287	1589±10	1597	Изошибунон	850	0.7
69.977	1684±3	1680	α-бисаболол	905	0.6
72.523	1715±3	1717	<i>n</i> -пентадеканаль	899	0.5
76.643	1768±5	1778	Миристин қышқылы	915	0.7
81.339	1844±4	1846	<i>Ацетонның гексагидрофарнезилі</i>	927	4.8
82.176	1870±4	1859	<i>Изобутил фталаты</i>	928	4.4
83.166	1867±6	1873	Пентадецил қышқылы	858	0.4
85.514	1919±5	1908	Фарнезил ацетоны	889	0.4
88.104	1965±6	1945	Дибутил фталаты	912	0.6
90.768	1968±7	1984	<i>Пальмитин қышқылы</i>	934	16.8
92.598	2034±N/A	2013	Гераниллиналлол	797	0.3
98.087	2114±5	2105	Фитол	942	1.9
100.226	2133±12	2141	<i>Линол қышқылы</i>	922	4.5
100.659	2164±N/A	2149	<i>транс-13-октадецен қышқылы</i>	887	3.7
100.879	2151±N/A	2152	17-октадекан қышқылының метил эфирі	852	0.9
101.179	2161±N/	2157	2-гидрокси-1-	762	0.4
107.486	2363±2	2338	2-метилтрикозан-(гидроксиметил)-этил (9E,12E,15E)-9,12,15-октадекатриенаты	833	0.6

12-кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
101.348	2162±6	2160	Этиллинолеат	758	0.5
109.441	2467±N/A	2427	(13Z)-13-докозен-1-ол	847	0.3
110.197	2500	2505	Пентакозан	927	1.3
111.94	2700	2688	Гептакозан	927	1.9
112.901	2800	2791	Октокозан	921	0.4
114.97	3000	2959	Триакоктан	868	0.3
116.936	3100	3080	Гентриакоктан	914	0.7
Барлығы					77.3



36-сурет – *Verbascum orientale L.* өсімдігінің құрамындағы липофилді заттардың пайыздық үлесі (%)

Кесте 13 – *Verbascum orientale L.* өсімдігінің құрамындағы липофилді заттардың мөлшері, %

RT	R әдеб.	Rсан.	Зат атауы	Мөлшері	Пайыздық %
1	2	3	4	5	6
4.858	800±2	797	Гексаналь	950	3.2
6.663	854±3	844	2-гексеналь	934	0.4
8.248	865±7	885	р-ксилен	885	0.4
8.831	901±2	900	Гептаналь	912	0.3

13 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
13.788	980±2	976	1-октен-3-ол	931	5.2
13.986	986±2	979	6-метил-5-гептен-2-он	776	0.4
14.169	993±2	982	2-пентилфуран	907	0.9
14.903	994±3	993	Этиламинкарбинол	916	0.5
15.178	1003±2	997	Каприлалдегид	955	0.3
18.003	1044±0	1035	<i>β</i> -изофорон	916	5.6
20.703	1071±3	1070	1-октанол	801	0.3
23.268	1104±2		Белгісіз 1		3.9
24.391	1124±6	1115	Изофорон	929	1.2
26.361	1144±N/A	1136	(R,S)-5-этил-6-метил-3E-гептен-2-он	796	0.3
26.915	1156±N/A	1142	α,α,4-триметал-1-циклогексен-1-метанол,	866	0.5
27.645	1164±N/A	1150	Пинокарвон	966	0.5
27.986	1164±6	1154	цис-р-ментан-3-он	952	0.9
29.373	1176±4	1169	(E)-2-нонен-1-ол	734	0.6
30.525	1178±16	1180	р-ментан-1-ол	938	2.3
31.963	1206±2	1197	Капральдегид	901	0.6
34.373	1237±3	1226	Пулегон	933	3.9
35.679	1253±6	1242	Пиперитон қышқылы	879	1.0
36.754	1252±2	1255	2-(Z)-деценаль	938	0.6
39.513	1317±3	1289	(E,E)-2,4-декадиеналь	749	0.3
41.491	1317±9	1313	Дека-2,4-диеналь	892	0.6
44.701		1351	Белгісіз 2		0.5
45.442	1367±7	1360	2-ундеценаль	930	0.7
49.122	1419±3	1403	Кариофиллен	876	0.4
53.583	1463±1	1454	4,11-диметилтетрадекан	851	4.6
57.046	1510±0	1493	2-тридеканол	883	0.4
57.38	1510±0	1497	Метилундецилкарбинол	884	0.3
64.281	1678±N/A	1641	Ароматендреноксид -(2)	791	0.3
69.446	1708±0	1672	Тетрадецилоксиран	767	0.7
72.066	1710±4	1711	2-пентадеканол	902	0.4
72.513	1715±3	1717	1-пентадеканаль	906	0.3
81.399	1844±4	1847	2-гексагидрофарнезил ацетоны	934	12.0
82.133	1870±4	1847	Диизобутил фталаты	921	4.7
85.501	1919±5	1907	Фарнезил ацетоны	894	0.4
90.123	1968±7	1975	Гексадекан қышқылы	934	6.8

13 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
90.817	1992±5	1985	Маноил қышқылы	774	0.3
98.029	2114±5	2104	Фитол	907	0.4
99.589	2133±12	2131	Линол қышқылы	844	0.9
100.10	2141±11	2139	Олеин қышқылы	887	1.2
Барлығы					75.4

Кестелерде көрсетілгендей ГХ/МС әдісі арқылы *Verbascum* өсімдігінің құрамында ең көп кездесетін липофилді заттар пулегон және карбон қышқылдары. Әдеби мәліметтерге сүйене келе, зерттеу барысында аюқұлақ текті өсімдіктер құрамынан басым мөлшерде анықталған пулегонның микробқа, депрессияға және бауыр фиброзына қарсы белсенділік көрсететіні және медицинада кең қолданыс тапқаны анықталды.

3.5 *Verbascum* текті өсімдік түрлері құрамынан биологиялық белсенді кешен алу жолын оңтайландыру және жеке заттар бөлу

Өсімдік шикізаты құрамындағы биологиялық белсенді заттардың мөлшерімен ерекшеленеді. ББЗ сандық және сапалық мөлшері әртүрлі факторларға: өскен орны, климаты, топырағы, өсімдіктің тұқымдары, түрі, вегетациялық кезеңдері, сонымен қатар, шикізатты дайындау шарттары, еріткіш түрі, қатынасы, температура, уақытқа байланысты болады.

Биологиялық белсенді заттарды бөлу негізінде шикізаттың жеміс беру кезеңінде жиналған *Verbascum* текті өсімдіктерден экстракт алу жұмыстары жүргізілді және тиімді технологиялық параметрлері таңдалды.

Шығымы жоғары экстрактивті заттар алу үшін экстрагент (еріткіш) концентрациясы, шикізаттың ұсақталу өлшемі, шикізат:экстракт қатынасы (гидромодуль), экстракциялау температурасы, экстракциялау уақытының тиімді шарттары қарастырылды.

1. Экстрагентті таңдау. Биологиялық белсенді заттар кешенін толық және жоғары жылдамдықпен бөлу үшін экстрагент селективті ерігіштік, химиялық және фармацевтикалық улылығы төмен, бағасы қолжетімді болу керек. Экстракциялау үшін полярлы (су, метанол, этанол) еріткіштер мен полярсыз (гексан, дихлорэтан, хлороформ, этил спирті және т.б.) еріткіштер қолданылады. Этанол:су және метанол экстрагент ретінде алынды.

2. Экстрактивті заттардың мөлшері экстракциялау уақытына тәуелді. 1 тәулікте оңай бөлінетін, 2 тәулікте топтасып орналасқан заттардың экстракциялануы, 3 тәулікте заттардың шығымы бір қалыпты ұлғаяды. Экстрактивті заттарды этанолмен экстракциялау уақытының тиімді шарты ретінде 72 (3 тәулік) сағат және 10 сағат ұсынылды.


3. Экстрактивті заттардың тиімді мөлшерін бөлуге әсер ететін негізгі факторлардың бірі – шикізат пен экстрагенттің қатынасы (гидромодуль). Шикізат пен экстрагент қатынасы (гидромодуль) неғұрлым төмен болса, экстракциялау экономикалық жағынан тиімді болады. Зерттеуге алынған өсімдік түрлері шикізаттарынан ББК-ны бөлуде шикізат: экстрагент қатынасы (гидромодуль), бөлінген зат шығымымен байланысты таңдалды. Шығымы

жоғары экстрактивті заттар мөлшерін бөлу үшін тиімді гидромодуль таңдалды, ол 1:8-9 және 1:9 (шикізат:еріткіш) болды.


4. Экстракциялау температурасы экстрактивті заттардың шығымына әсер етеді. Ұсынылған нәтижелердің өзгерісі химиялық реакция жылдамдығымен байланысты болады. Оңтайлы параметр ретінде 20-25°C және 90±5°C температура ұсынылды.

Scrophulariaceae тұқымдасының *Verbascum* өсімдік түрінің жер үсті бөлігі шикізаты (1 кг) 80% су - этил спиртімен, гидромодулі 1:8-9, 20-25°C бөлме температурасында 72 сағат (3 тәулік) бойы қарапайым мацерация әдісімен экстракцияланды. Бөлінген сулы – спиртті сығынды тұндырылды, сүзілді, концентрленді және вакуум астында кептіріліп, құрғақ экстракт (сығынды) алынды. Бөлінген құрғақ экстракт гексан, хлороформ, этилацетат және н-бутанол еріткіштерімен өңделді, нәтижесінде төрт жұмысшы сығынды алынды. Этилацетатты және бутанолды сығындылардан 6 – жеке зат бөлінді. Олар: 3 – иридоидтар, 3 – флавоноид, 1 – фенилпропаноид болды. Жеке қосылыстар бағаналы хроматографияда жеке заттарды бөлу үшін сорбенттер ретінде силикагель, сефадекс LH – 20, RP – 18 және препаративті ЖЭСХ (NP-HPLC (нормалды-фазалы) мен RP-HPLC (кері-айналмалы-фазалы) қолдану арқылы жүзеге асырылды. *Verbascum* текті өсімдік құрамынан фенилпропаноидты қосылыстар кешенін бөлу барысында оңтайлы сорбент ретінде MCI гель CNP20P қолданылды. Нәтижелері 37 - суретте көрсетілді.

Зеттеліп отырған *Verbascum* өсімдік түрлері шикізаты таза метанолмен, шикізат:экстрагент (1:9), температура (90±5°C), 10 сағат бойы Сокслет аппаратында циркуляциялық экстракцияланды (екі рет). Алынған экстракт сүзіліп, концентрленіп, вакуумды роторда спирстен буландырып, фильтратты бөлгіш сүзгішке құйып, хлорофилдер мен шайыр қоспаларынан тазарту үшін гексанмен жуылды. Гександы сығынды GX-MS әдісімен құрамындағы липофилді заттарға зерттеліп, нәтижесінде пулегон көп мөлшерде анықталды. Сығынды өңделіп құрамында полифенолды қосылыстары бар этилацетатты және бутанолды сығындылар бөлінді. Бағаналы хроматографияда жеке заттарды бөлу үшін сорбенттер ретінде силикагель, сефадекс LH – 20, MCI CNP20P гель және препаративті ЖЭСХ NP-HPLC (нормалды-фазалы) мен RP-HPLC (кері-айналмалы-фазалы) қолданыла отырып этилацетатты және бутанолды сығындылардан 7 – зат бөлініп, идентификацияланды. Олардың 5 – флавоноид, 1 – иридоид және 1 – фенилпропаноид екендігі физика – химиялық әдістер мен ЖҚХ – да айқындалған дақ іздері бойынша және әдеби деректермен салыстыра отырып анықталды. Нәтижелері 38 - суретте көрсетілді.



Сурет 37– Қарапайым мацерация әдісімен *Verbascum orientale* L. өсімдік шикізатынан алынған ББК-дан жеке заттарды бөлудің сызбанұсқасы




Сурет 38 – Циркуляциялық экстракциялау әдісімен *Verbascum densiflorum* L. өсімдік шикізатынан алынған ББК-дан жеке заттар бөрудің сызбанұсқасы

3.6 *Verbascum orientale* L. текті өсімдіктен бөлінген жеке заттарды идентификациялау

1 зат. Сары түсті кристалды қосылыс, $C_{15}H_{10}O_6$, ESI-MS m/z : 286, 257, 134 және 146 m/z 154 және 153 иондарының фрагментациялық шыңдарын салыстырғанда 153 ионының шыңы қарқынды болып, ол 5, 7 –гидроксифлаван екендігін анықтайды. Ол этанол мен этилацетатта жақсы, ал су мен хлороформда нашар ериді. $t_{балқу} = 310-335^{\circ}C$. ИК - спектрінде $3330-3020\text{ см}^{-1}$ ОН-топтың валентті тербелісі, 1680 см^{-1} қос байланыс $C = C$ топтарының валентті тербелісі, $1650, 1510\text{ см}^{-1}$ карбонил топтары $C=O$ топтары, 863 см^{-1} флавоидағы пиронды сақинаның $C - H$ жазықтық деформациялық тербелістері бейнеленген. Заттың УК жұтылу максимумдары: 238, 251 және 349 нм көрсетті; 270 нм жұтылу спектрінде сақинаның 3' және 4' көміртегімен байланысқан гидроксил тобы бар флавои екенін дәлелдеді.

Натрий ацетаты мен алюминий хлоридінің әсерінен батохромды ығысулар ОН – топтарының болуын дәлелдеді. Атап айтқанда, натрий ацетатының әсерінен I жолақтың максимумы 68 нм батохромды ығысып, 4' орынында байланысқан ОН – тобының, ал II жолақтың максимумында 17 нм батохромды ығысып 7- орынында ОН – тобының бар екендігін көрсетті. Алюминий хлоридінің әсерінен I жолақ максимумының 36 нм батохромды ығысуы 5 орында ОН – тобының бар екендігін анықтады. Бөлінген 1 – зат - лютеолин екендігі расталды [144, 152, 153] (39-сурет).



Сурет 39 – Лютеолин (1 - зат)


2 – зат. Сары түсті кристалды зат. $C_{15}H_{10}O_7$, ESI- MS, m/z : 303 $[M]^+$, $t_{балқу} = 310-315^{\circ}C$, этанолда жақсы ериді. Бұл зат $FeCl_3$ – нің спиртті ерітіндісімен - жасыл, алюминий хлориді ерітіндісімен – сары түс береді. Оның себебі, 3 және 5 көміртегімен байланысқан гидроксил тобының болуы және ол заттың флавои екендігін дәлелдейді. УК – спектрлері 260 нм, 270 нм қысқа толқынды және 376 нм ұзын толқынды 2 максималды жұтылу аймағын көрсетіп, бос гидроксил тобының бар екендігі анықталды.

Заттың натрий ацетатының әсерінен гипсохромды ығысуы, қосылыстың 3 орынында ОН тобының бос күйін және максимум жолақтың пайда болуы В сақинасында 3' және 4' – ортодигидоксил топтың бар екендігін көрсетеді.

Химиялық реакциялар (сілтілік деструкция) нәтижесінде сірке қышқылында ерітілген 1%- дық ванилин ерітіндісінің әсерінен – флороглюцин

және темір (III) хлориді ерітіндісі әсерінен прококатех қышқылы бөлінгені анықталды.


Әртүрлі реакциялар мен физика – химиялық мәліметтер талдана отырып, бөліп алынған 2 – зат – кверцетин екені дәлелденді [153] (40-сурет).



Сурет 40 – Кверцетин (2-зат)


3 - зат. Ақшыл сары түсті ұнтақ, $C_{24}H_{30}O_{10}$, УК-спектрінің жұтылуы 251нм, инфрақызыл спектрлері $3040 - 3500 \text{ см}^{-1}$ кең жолақты аймақта ОН – тобының, $2850 - 2890 \text{ см}^{-1}$ жұтылу максимумдары (С-Н байланыстары), 1710 см^{-1} (C=O) карбонил тобының, 1660 см^{-1} жұтылу жолақтары қос байланыстың бар екендігін айқындайды. Н - 6 сутектегі резонансті күйі мен 4, 5 және 6 бөліктегі иридоид миопорозид – 8 – циннаматы мәліметтерімен салыстырғанда өзгеше болды. Монопорозид – 8 – циннаматына 6 – эпимер болатын берілген қосылысындағы Н – 6 жоғары аймаққа және Н – 6 сутегінің төменгі аймаққа ығысып С – 6 ОН тобының β - конфигурациялы екенін көрсетті. Бұл NOESY бойынша Н - 6 және Н - 5, Н-7, Н - 9 араларында анықталды. Қанттың D - глюкоза екендігі химиялық анализ (қышқылдық гидролиз) нәтижесінде анықталды.

ESI/MS спектрінің шыңдары қосылыстың молекулалық массасы $m/z: 478 [M]^{+1}$ және $316 [M-162]^{+1}$ бір қантты қалдық, глюкозаның бар екендігін көрсетеді. $m/z: 147 [M]^{+1}$ фрагменті қосылыста қабық қышқылын білдіреді. Алынған мәліметтер бойынша *Verbascum* өсімдік түрінен алғаш рет бөлінген 3 - зат латерозид болып табылды (41-сурет).




Сурет 41 – Латерозид (3 - зат)

4 - зат. Ақшыл аморфты ұнтақ зат, $C_{15}H_{22}O_{10}$, ESI-MS, m/z : 385 $[M+Na]^+$, 747 $[2M+Na]^+$. $t_g=565.1\pm 50.0^{\circ}C$, $\rho=1.48\pm 0.1$ г/см³. Ультракүлгін жолақтарында λ_{max} 215 нм, инфрақызыл спектрлері 3500см^{-1} жолақты аймақтары гидроксил (ОН) тобының, ал 3440см^{-1} және 1100^{-1} деформациялық жұтылу жолақтарында глюкоза бар екенін көрсетеді. 1.0 М (HCl) тұз қышқылымен қышқылдық гидролиз нәтижесінде қант ретінде глюкоза бөлінді. Жұқа қабатты хроматография (ЖҚХ), ИҚ, (бір өлшемді ЯМР): ¹H ЯМР және ¹³C ЯМР спектрлері мәліметтері мен әдеби деректерді салыстыра отырып, анықталып отырған 4 - зат каталпол болып табылды (42-сурет).



Сурет 42– Каталпол (4-зат)

5-зат. Түссіз ине тәрізді зат, $C_{15}H_{22}O_9$, балку температурасы $175-176^{\circ}C$ MeOH, $[\alpha]^{20}_{D}-92.8$, ESI-MS, m/z : 346 $[M]^+$, 184 $[M-162]^+$. Ультракүлгін спектрінің сипаттамалы жұтылуы 210 нм, инфрақызыл спектрінде $3500-3050$, 1655 , 1651 және 1602 см^{-1} көрінетін карбонил тобының (C = O) жұтылу жолақтары анықталды. Бір өлшемді (¹H– ЯМР) спектрде Н–3 протоны (δ 6.30, дд, $J=6.26$, 2.0 Гц) және Н – 4 (δ 5.09, дд, $J=6.1$, 4.0 Гц) жұтылу жолақтарының Н-7 (δ 5.76, т, $J = 1.5$ Гц) төменгі жолаққа дейін ығысуы екінші қос байланыстың бар екендігін айқындады. Н – 9 протон спектрлері (δ 2.89 м.ү.) аймағында ($J=7.5$ Гц) триплет беріп, С – 7 мен С- 8 арасындағы қос байланысты айқын анықтады. Н – 10 (δ 4.34 $J=15,2$ Гц) және 4,16 ($J = 15,2$ Гц) АВ жүйесінде байқалатын 2 дублет С – 8 екіншілік спирттің байланысқанын дәлелдейді. Ал, $\beta - D -$ глюкозадағы аномерлі протонның фрагментін Н-1' δ 4,67 (д, $J = 7,9$ Гц) сигналы айқындады. Әдеби деректер мен физика – химиялық мәліметтермен салыстыра отырып 5-заттың аукубин екені анықталды. Берілген қосылыс *Verbascum orientale L.* өсімдік түрінен алғаш бөлініп отыр [154] (43-сурет).



Сурет 43 – Аукубин (5-зат)

Кесте 15 – Иридоидтардың ¹H ЯМР спектрлік мәліметтері

H	Катапол (4 - зат)	Аукубин (5- зат)
Агликон		
1	5.03, д. (9.7)	4.95,дю (7.3)
2		
3	6.34, дд. (6.1-1.8)	6.3, дд. (6.2-2.0)
4	5.07, дд. (5.8-4.6)	5.09, дд. (6.1-4.0)
5	2.27 м.	2.65 м
6	3.90 т.	4.43 м
7	3.44, д. (0.9)	5.76, т. (1.5)
8		
9	2.53, дд. (9.7-7.6)	2.89, т. (7.5)
10	4.13, д. (13.1), 3.79, д. (13.1)	4.34 (7.5), 4.16,дд. (15.2-09)
β - глюкопираноза		
1'	4.76, д.7.9	4.67, д. (7.9)
2'	3.24, дд. (9.4-7.9)	3.21,дд. (9.1-7.9)
3'	3.4, т. (9.1)	3.37, т. (9.0)
4'	3.27,дд. (9.5-7.0)	3.27 [†]
5'	3.31 м.	3.27 [†]
6'	3.9, дд. (12.1-1.8), 3.63, дд. (11.9-6.4)	3.85, дд. (11.9-1.8), 3.64,дд. (11.9-5.5)

Кесте 16 – Иридоидтардың ¹³C ЯМР спектрлік мәліметтері

C	Каталпол (4-зат)	Аукубин (5-зат)
Аглюкон		
1	95.26	97.78
2		
3	141.78	141.63
4	103.99	105.76
5	39.08	46.34
6	79.57	82.90
7	62.52	130.30
8	66.18	148.07
9	43.55	47.99
10	61.58	61.46
β-глюкопираноза		
1'	99.68	99.98
2''	74.82	74.97
3'	77.67	77.95


16 - кестенің жалғасы

1	2	3
4	71.74	71.62
5	78.59	78.33
6	62.89	62.71

6-зат. Сары түсті кристаллдық зат, $C_{31}H_{28}O_{14}$, $[\alpha]_D = 23.8$. УК жарығында флюоресцентті, жұтылу максимумдары λ_{max} (MeOH) 213, 250, 270 және 340. NaOMe әсерінен бірінші жұтылу жолағы 38 нм батахромды ығысып, 3 орында 3' – OH тобының, ал, NaOAc әсерінен екінші жұтылу жолағы 27 нм ығысып 5 орында 5 – OH тобының бар екендігін дәлелдеді. Агликон ультракүлгін спектрінде алюминий хлориді ($AlCl_3$) қатысында кешен түзіп, батахромды ығысты. Кешеннің тұз қышқылының әсерінен бұзылмауы, А сақинасындағы C – 5 орнында және С сақинасындағы C – 3 орнында екі бос гидроксил (OH- тобы) тобының орналасқанын көрсетеді. ИҚ аймақтарының 3418.5 (–OH), 2926.5 (CH_3- , $CH_2=$, $CH\equiv$), 1657.8 (–COOR), 1607.4 (–C=O), 1507.7 (ароматты сақина), 1190.0 (арил эфирлері) жұтылу жолақтары зерттеліп отырған қосылыс құрамындағы функциональдық топтарды анықтады.

EI/MS масс спектрлеріндегі m/z 462 $[M-162]^+$ фрагменті қосылыста бір қанттың, яғни глюкозаның барына дәлел. m/z 286 $[M-338]^+$ фрагменті агликон лютеолиннің шыңы, m/z 177 $[M-447]^+$ сәйкесінше 3-гидрокси-4-метоксициннаматтың шыңы.

Қосылыстың масс-спектрдегі FAB/MS (+) және FAB/MS (-) масс спектрлерінің шыңдары заттың молекулалық формуласына $C_{31}H_{28}O_{14}$ сәйкес, m/z 625 $[M+H]^+$ және 623 $[M-H]^-$. m/z 185 $[M+H-162-278]^+$ және 183 $[M-H-162-278]^-$ фрагменттері агликонның сақиналарының шыңын көрсетеді [156].




Сурет 44 – Лютеолиннің 7-О-β-D-глюкопиранозил-3-О-(3-гидрокси-4-метокси-)циннаматы (6-зат) фрагментациясы

4/11/2019 4:07:15 PM

File: ZHAV-2A
Sample: MUKAZHANOVA ZH
Instrument: JEOL MS 600 H-1

Date Run: 04-11-2019 (Time Run: 15:56:45)

Ionization mode: EI+



Сурет 45 – Лютеолиннің 7-О-β-D-глюкопиранозил-3-О-(3-гидрокси-4-метокси)-циннаматының EI/MS спектрі

File: ZHAV-2A
Sample: MUKAZHANOVA ZH / DR.
MANSHUK
Instrument: JEOL MS 600 H-2
Inlet: Direct Probe

Date Run: 05-16-2019 (Time Run: 10:14:26)


Ionization mode: FAB+

Scan: 1

R.T.: 0

Base: m/z 185; 100%FS TIC: 2603188

#Ions: 1046



Сурет 46 – Лютеолиннің 7-О-β-D-глюкопиранозил-3-О-(3-гидрокси-4-метокси)-циннаматының FAB/MS (+) спектрі

File: ZHAV-2A

Sample: MUKAZHANOVA ZH / DR.

Date Run: 05-17-2019 (Time Run: 12:18:56)

MANSHUK

Instrument: JEOL MS 600 H-2

Ionization mode: FAB-


Inlet: Direct Probe

Scan: 10

R.T.: .8

Base: m/z 183; 82.3%FS TIC: 2727114

#Ions: 587



Сурет 47 – Лютеолиннің 7-О-β-D-глюкопиранозил-3-О-(3-гидрокси-4-метокси)-циннаматының FAB/MS (-) спектрі

Кесте 17 – Лютеолиннің 7-О-β-D-глюкопиранозил-3-О-(3-гидрокси-4-метокси-)циннаматының УК-спектріндегі жұтылу жолақтары

УК-спектроскопия	Жұтылу жолағы λ_{\max} (теориялық)	Жұтылу (λ_{\max}) максимумдары (Зерттеу)
Ұзын толқынды аймақта (I жолақ)	320-380 нм	269-339 нм
Қысқа толқынды аймақта (II жолық)	200-270 нм	212-249 нм


Кесте 18 – Лютеолиннің 7-О-β-D-глюкопиранозил-3-О-(3-гидрокси-4-метокси-)циннаматының ИҚ-спектріндегі жұтылу жолақтары

Функциональдық топ	Жұтылу жолағы (см^{-1})
Босалифатты гидроксилді топтар (-ОН)	3418.5 см^{-1}
Агликонлағы фенолды гидроксил (-ОН)	2926.5 см^{-1}
-C=O карбонил тобы	1687.3 см^{-1}
-C=O топтардың валенттік тербелістері	1607.4 см^{-1}
-C=C- қос байланыс	1507.7 см^{-1}
-OCH ₃	3693.8 см^{-1}
Көмірсулардың D-конфигурациясы	822.0 см^{-1}

Бір өлшемді ^1H , ^{13}C –ЯМР спектрлері мен масс – спектрінде көміртек атомдарының 31 сигналы тіркелгені байқалды. Протонды ^1H – ЯМР спектрінде флавоноидтардың іздері байқалды. Спектрлер δ 3.85 м.ү. жолақта метокси тобы синглет беріп, 1H қарқынды болды. Ароматты бензол сақинасындағы протон δH 7.50 (1H, дд., J=8.1, 2.5Гц, H - 6'), 7.31 (1H, д., J=2.3 Гц, P -2'), 6,95 (1H, д, J=8.5 Гц, H - 5') аймақтарында анықталды. ^{13}C - ЯМР спектрлері 183.9 м.ү. аймағында C - сақинада (C=O) карбонил тобының бар екендігі, ал, метокси - OCH₃ тобының δ 56.08 м.ү. аймағында орналасқаны байқалды. ^1H - ^1H димерлі COSY корреляциялық спектрлері А сақинасындағы δ 6.69 (H – 6) 6 сутекте және δ 6.51 (H – 8) 8 сутекте, ал В сақинасындағы δ 6.88 (H - 2') 2' - орында, δ 6.60 (H-5') 5' - орында, δ 6.73 (H - 6') 6' - орында, органикалық ферул қышқылындағы C - 7 α мен C - β протонды сутек арасындағы, сонымен қатар қанттағы 1 және 2 орындардағы сутектер: δ 5.08 (H-1''') және δ 3.53 (H - 2''') м.ү. екендігі анықталды. NOESY берген деректерден глюкозаның агликондағы 7 - ОН топпен байланысқанын глюкозаның δ 5.08 (H-1''') және А - сақинасы δ 6.69 (H – 7) арасындағы корреляциялар дәлелдейтінін көруге болады. HMBC гетероядролық спектрлерінің екі өлшемді корреляциясы сәйкесінше: H-3 [C–2,


C-10, C-6'], H-6 [C-7, C-5, C-10, C-8], H-8 [C-7, C-9, C-10, C-6] А сақинасындағы протондар мен көміртек атомдары арасындағы корреляцияны байқатты.

Зерттеудің физика – химиялық мәліметтері әдеби деректермен салыстыра келе бөлініп отырған 6 – зат лютеолиннің 7 – О –β –D –глюкопиранозил – 3 – О – (3-гидрокси-4-метокси -) циннаматы екендігі дәлелденді. Бұл қосылыс бұрын әдебиеттерде жарияланбаған жаңа зат болып табылды (48-сурет).




Сурет 48 – 6-заттың COSY және HMBC корреляциялануы

Scan Graph




Сурет 49 – Лютеолиннің 7 - О - β - D - глюкопиранозил - 3 - О - (3 - гидроксид - 4-метокси -) циннаматының (6 - зат) УВ-спектрі




Сурет 50 – Лютеолиннің 7 - О - β - D - глюкопиранозил - 3 - О - (3 - гидроксид - 4 - метокси -) циннаматының (6 - зат) ИҚ - спектрі

Avance III 1H Zhav-2a in dms0 29.10.2020




Сурет 51 – Лютеолиннің 7 - О - β - D - глюкопиранозил - 3 - О - (3 - гидроксид - 4 - метокси -) циннаматының ^1H ЯМР - спектрі (6 - зат)

Avance III 13C Zhav-2a in dms0 04.12.2020




Сурет 52 – Лютеолиннің 7 - О - β - D - глюкопиранозил - 3 - О - (3 - гидроксид - 4-метокси -) циннаматының ^{13}C ЯМР -спектрі (6 - зат)




Сурет 53 – Лютеолиннің 7 - О - β - D - глюкопиранозил - 3 - О - (3 - гидроксид - 4 - метокси -) циннаматының ^{13}C DEPT -спектрі (6 - зат)

Zhazira / Mukazhanova / Zh-20
COSY


Avance 500MHz
Cryo-Probe




Сурет 54 – Лютеолиннің 7 - О - β - D - глюкопиранозил - 3 - О - (3 - гидроксид - 4 - метокси -) циннаматының COSY - спектрі (6 - зат)



Сурет 55 – Лютеолиннің 7 - О - β - D - глюкопиранозил - 3 - О - (3 - гидроксид - 4 - метокси -) циннаматының NOESY -спектрі (6 - зат)



Сурет 56 – Лютеолиннің 7 - О - β - D - глюкопиранозил - 3 - О - (3 - гидроксид - 4 - метокси -) циннаматының HMBC - спектрі (6 - зат)



Сурет 57 – Лютеолиннің 7 - О - β - D - глюкопиранозил - 3 - О - (3 - гидроксид - 4 - метокси -) циннаматының HSQC - спектрі (6 - зат)


Кесте 19 – *Verbascum orientale* L. текті өсімдіктен бөлінген ББЗ физика - химиялық сипаттамасы

Бөлінген заттар	Физика-химиялық мағлұматтар
1	2
Кверцетин (1-зат)	¹ H ЯМР (400МГц, DMSO-d ₆): δ 6.17 (d, 1H, J=2.0 Гц, H-6), 6.41 (д, 1H J=2.0 Гц, H-8), 12.47 (с, 1H, H-5), 10.83 (с, 1H, H-7), 7.76 (д, 1H, J=2.2 Гц, H-2), 9.56 (с, 1H, H-3'), 9.28 (с, 1H, H-4'), 6.81 (д, 1H, J=8.5 Гц, H-5'), 7.55 (дд, 1H, J=8.5, 2.2 Гц, H-6) ¹³ C ЯМР (100 МГц, Пиридин): δ 156.19 (C-2), 135.68 (C-3), 175.92 (C-4), 160.73 (C-5), 98.18 (C-6), 163.89 (C-7), 93.43 (C-8), 157.11 (C-9), 103.05 (C-10), 121.99 (C-1'), 115.61 (C-2'), 147.59 (C-3'), 115.14 (C-4'), 115.08 (C-5'), 120.05 (C-6')
